Сонымен, көрнекті ғалым, академик Рахманқұл Бердібай «Азатшыл ойдың әнциклопедиясы» деп бағалаған Мұстафа Шоқайұлы кім еді? Оның туған жері, шыққан тегі туралы не білеміз? Түбі түркінің тұтастығына бүкіл саналы ғұмырын сарп еткен Шоқайдың өмірін, өнегесін толық танып

білдік пе? Бүкіл тәні де, жаны да ұлтым, жұрттым, қазағым деп бүлкілдеген, жүргегі Алашым, Түркістаным деп дүрсілдеген мемлекетшіл мәрт қазаққа лайықты бағасын бердік пе? Сай-саланы сағалап, тар қапасты тасалап, жендеттерден сырылып, онымен де қоймай, өмірін бәске тігіп, болашақ үшін тыным таппаған, Алаштың азаттығын ту еткен Мұстафаның бізге беймәлім тағы қандай қырлары бар? Оның тар жол, тайғақ кешуі тағдыры бізге нені мағлұм етеді? Сұрактар өте көп...

Гұмырының жартысына жуығын жат жүртта өткізген Мұстафа Шоқайұлының ұлтқа еткен еңбегі ұшан-теніз. Өкінішке қарай, оны танып-білуде біздер шабандық танытып отырмыз. Біз не деген самарқау, кеш қозғалатын халық едік! Кімді кінеларсын! Кімге күйе жағарсын!

Мұстафа Шоқайдың ата тегі туралы кейбір деректер

Мұстафа Шоқайұлы — Петерборда алғашқы жоғары білім алған қазақ азаматтарының бірі. Қоқан автономиялық үкіметінің басшысы. Ірі саяси қайраткер, зангер, журналист, жазушы. Түркістан халықтары тарихында бүтін бір кезеңді қамтыған ерекше ұлы құбылыс.

Осылармен шектелуге бола ма? Біздіңше, жоқ. Осы бір асыл азаматтың ерекше қырлары, елеулі қырлары әлі де айтыла бермек, жазыла бермек, жалғаса бермек...

Тек, XXI ғасырдың бастапқы жылдары тұсындаған біз халқымыздың кеменгер ұлын қайта іздең, оны тірлітүге құш салудамыз. Соңғы кезде табылған құжаттарға сүйене отырып, біз де М.Шоқайұлының өмір жолына тоқтағанды жөн көрдік.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ интеллигентиясының ең жарқын өкілдерінің бірі Мұстафа Шоқай бұрынғы құнтізбе бойынша 1890 жылдың 25 желтоқсанында (жанаша есеппен 1891 жылдың 7 қаңтарында) қазіргі Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Сұлутөбе маңындағы Наршоқы қыстаяунда дүниеге келген. Ол — қазақтың Қыпшақ руына (Орта жүзге кіреді) жататын текті отбасының үрпағы.

Бірақ Мұстафаның туған жыларының өзінде әлі күнге дейін күмән бар. Мәселен, белгілі жазушы Оразбек Сәрсенбайдын баяндауынша: «...Осы уақытқа шейін М.Шоқайдың туған жылы бірде 1889, бірде 1890, тіпті кейде 1891 болып жазылып жүргені белгілі. Мұның басты себебі — Мұстафаның бала күнінде жасының асып кетуіне байланысты әуелі Ақмешіттегі орыс-қазақ мектебіне қабылданбай, кейін Ташкентке келіп орыс тілді гимназияның жоғары сыныбына сынақ тапсырып, оқуға тусуі болса керек деп шамалаймыз.

Ал оның шын жасын анықтайтын нақты деректер енді ғана табылып отыр. Соның біріншісі — ОГПУ органдарының 1926 жылы М.Шоқайға толтырған деректеме қағазы (досьесі). Мұнда «ұлтшылдық ұйымның мүшесі» М.Чокаевтың (түпнұсқада осылай жазылыпты) туған жылы 1886 екені көрсетілген.

Екінші дерек — Мұстафаның туған інісі Нұртаза Шоқайұлының № 794 тергеу ісінде кездеседі. Сол кездегі РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-статьясы, 10, 11-баптары бойынша айыпталып, 1937 жылғы 1 қарашада Шымкент қаласында ату жазасына кесілген Нұртаза марқұм жауап алу хаттамасында туған ағасы Мұстафа Шоқайдың жасы 52-де деп көрсеткен. Бұл да жоғарыдағы ОГПУ деректемесіне сәйкес келеді. Оның үстіне, ағалы-інілі Мұстафа мен Нұртаза, әрине, бір жылы дүние есігін ашпайды ғой. № 794 істе Нұртаза Шоқай 1890 жылы туған деп толтырылған.

Демек, Мұстафа Шоқайдың 1886 жылы туғаны анықталды деп есептеуге болады» [1].

Ал жазушы А.Сатаев «Дозақты женген қазақ» деген мақаласында М.Шоқайдың ата-тегі туралы мынадай деректер келтірген: «ХVIII ғасырдың басындағы шығыстанушылардың енбектері бар нағыз жиһанкездердің қызығушылықпен жазған туындылары бар, осылардың біразынан дерек жинағанда, ежелден Мәуреннар атанған Сыр мен Әмудың бойындағы Қыпшақ тоғыз тайпа екен. Бүгінде, негізінен, солардың бесеуі аталады. Олар: Бұлтың, Ұзын, Торы, Көлденен, Карабалық. Мұстафа осы бесеудің Торысына жатады. Торыдан төрт ұл тараиды: Көкмұрын, Шашты, Қитаби, Түйішке. Мұстафаның жетінші атасы Шаштыдан жеті бала туған: Шағыр, Шегір, Бошай, Малай, Құтым, Байсарлы, Айдарғазы» [2].

Бошайдан — Арыс, Шыбық, Арыстан — Қолдау, одан — Жанай. Жанайдан — Темір, одан — Куат (Куатбай). Куаттан (Куатбайдан) — Торғай. Аксакалдардың айтуына қарағанда, Торғай жүз шамалы үйге билік құрып, датқа (датқа деген — Қоқан хандығындағы полковник, генерал дәрежесіндегі әскери атақ) болған.

Атақты Мансұр Бекежанов (Нартайдың ағасы) ақын «Иманжүсіпке хат» деген жырында Торғай датқа хақында:

*Екінші болған екен Торғай датқа,
Адам жоқ кеңес тапқан ондай жүрттa.*

*Ел қамын сондай ерлер ойлан өткен,
Мастанып, әуелемей қонған бақقا, —*

деп жырлаған. Ақын жыры Торғай бидің (датқаның) ел ішіндегі беделі мен билігін көрсетсе керек [3; 7].

Торғай датқа кейінгі үрпағына өз халқының мол мұрасын қалдырды десе болғандай. Торғай би ру, аталықтардың ұрандары мен таңбалары, олжа, ноқта ағасы, той басталуы, сыйлы қонақтарға берілетін сый-сыйбага, шаригат, әдет, жеті атадан кейін үйлену шарты, балалардың өгей шешесіне үйленбеуі, оқытушысына үйленбеуі, еншілес бала, достар сыйластыры, дос-тамырлық қасиеттері, балаларына енші берудің жолдары, қалың мал төлеудің нормалары, жын-шайтан хақында, жылу жинау жайлышы, енші басы, қалыңдық айттырып, қызы ұзату сияқты қағидаларын айқын айтқан. Торайдан — Шоқай, Қалымбет, Әліш, Оспан өсіп-өнген.

Ел аузындағы айтылып жүрген әңгімелерде Торғай Куатбайұлы есейген кезінде Арқа жақтан Сыр еліне келіп қоныстанып, осында үйленеді. Сол тұста көп жыл баласыз жүрген Торғай: «Баламның атын өзім қояйын, қатынмен екеуміз шоқайып отырушы едік, баламның аты Шоқай болсын», — дегіті-міс [3].

Торғай баласы Шоқайға Торғай өзені бойындағы кедей Қыпшақтан шыққан батыр Баспақтың қызы Бақтыбикені әперген. Ел ішіндегі әңгімеге қарағанда, Шоқай да датқа болған, екі әйел алған; Бақтыбикеден басқа Жайсан деген де әйелі болған.

Мұстафа Шоқай — бидің органшы баласы, ал ағасы Сыздық одан он жастай үлкен, ал інісі Нұртаза тетелес өскен. Мұстафаның қандай жанұядан шыққанын «Қазақ» газетінде 1914 жылы желтоқсаның 10 жүлдөзинде жарық қөрген Закир Гайсин деген кісінің Шоқай қайтыс болғаннан кейін берілген «Ас» қаражатынан байқауға болады. Онда: «Акмешіт уезіне қараған Шашты Қыпшақ марқұм Шоқай Торғай баласына ас берілді. Шақырылған елдің бір шеті Қазалы, бір шеті Ташкент болды, үш мынға жақын жұрт жиналды. Астың бар расходы бес мың сомнан асты. Бәйгеге 57 ат шауып, 17-сінде бәйгеге 8 сом ақша, екі қара тігілді» делінген. Бұл ете көп қаражат болатын (егер ол кезде бір қой 20–30 тиыннан аспайтын болса) [4].

Мұстафаның нағашылары (шешесінің әкесі мен ағайын-туыстары) Хиуа хандығын орыстардан қорғауда ерекше көзге тұсken әйгілі әскербасылар болды). Оның анасы — Бақты (Бақтыбике) орыстарға карсы соғыста әкесіне көмектескен. Мұстафа жазу-сызууды өз анасынан жасы бескөннен жатып-ақ үйренген.

Мұстафаның өзінің қабілет-қарымына сай тамаша білім алушы

Балдәурен балалық шағында Мұстафа ерке өскен. Табиғи зеректігіне байланысты, сабакқа да өте алғыр болған. Өсе келе орыс, түрік, ағылшын, француз және поляк тілдерін жетік менгерген көрінеді. Түрік тілі дегенде оның ең берісі қазақ, өзбек, қыргыз, түркімен, қарақалпақ, татар, башқұрт тілдерін де білгендей болған. Оның анасы — Бақты (Бақтыбике) орыстарға карсы соғыста әкесіне көмектескен. Мұстафа жазу-сызууды өз анасынан жасы бескөннен жатып-ақ үйренген.

Мұстафаның бастауыш мектепте өткен күндері туралы ешқандай мәлімет жоқ. Тек, оның бұл мектепті 1902 жылы бітіргені белгілі.

Патшалық Ресей отаршылдарының өктемдігі мен қиянатын көп қөрген Шоқай би ұлының жақсы білім алушын армандағы. Мұстафа болса дәрежелі оку оқып, білімін терендейту мақсаты бар екенін әкесіне жасырмай айтады. Зерделі әке баласының тұл талабына батасын береді. Қаражат қаттап баласының қалтасына салады да окуын жалғастыра беруге жағдай жасайды.

1902 жылы орыс тілінде сайрап тұрған Шоқай датқаның органшы баласын Акмешіттегі патша әкімшілігінің адамдары Ташкенттегі ер балалар гимназиясында оқуға бағыттайды. Бұл кезде Ташкент көп ұлттың өкілдері жұмыс істеп, әр халықтың жастары оқу оқытын үлкен өндірісі, мәдениеті мен өнері өркендеген айтулы шаһар.

Мұстафа әкесінің өзін оқыту жолындағы табанды шешімінің орынсыз емес екенін дәлелдейді. Гимназияны үздік бітіріп, алтын медальға лайық болды. Бірақ диплом беру рәсімінде ол өмірінде ұмытпайтында үлкен бір әділетсіздікке ұшырады.

Ташкент гимназиясында оқуды ең үздік бітірген оқушыға алтын, екіншіге күміс медаль беру дәстүрі қалыптасқан еді. Сол жылғы диплом беру рәсімінде мектептің ең үздік оқушысы ретінде Мұстафага алтын медаль берілуге тиіс. Бірақ бұл жағдай Ташкенттегі Түркістан генерал-губернаторы А.В.Самсоновқа ұнамады. Самсонов түркістандық бір оқушының орыстардан жоғары тұруын көтере алмады. Мектеп директоры Граменицкийдің қарсылығына қарамастан, алтын медальды Мұстафага

емес, екінші үздік окушы Запреметовке тапсыруға нұсқау берді. Самсоновтың бұл шешімі сол дәуірдегі патшалық Ресей генерал-губернаторларының жергілікті халықты қаншалықты төмен санайтындықтарының айқын бір көрінісі еді. Самсонов жабайы және мәдениетсіз қоғам ретінде бағалаған халықтан шыққан жас жеткіншектің орыс окушыларынан озық тұруына төзе алмады.

Мұстафа марапаттау рәсімінде өзіне берілген күміс медальды алмады. Осыған орай Запреметов те лайықты емес екенін айтЫп, өзіне берілген алтын медальдан бас тартты. Сөйтіп, диплом рәсімі Мұстафага мына аңы шындықты үйретті: әкімдер мен халықтың дүниетанымы бір-бірінен өзгеше. Әкімдер саясаттың ырқына беріліп, наслышіл және империалист пиғылда болса да, қарапайым халықтар саясаттан аулақ, бір-бірлеріне адал және мейірімді бола біледі. Сол себепті Мұстафаның өмір бойы жиі қайталаған сөзінің бірі мынау болды: «Жаман ұлттар жоқ, жаман адамдар бар. Мейірімді мемлекеттер жоқ, мейірімді адамдар бар» [6].

Орыс тіліне жетік Мұстафа гимназияда жүргенде-ак жергілікті жүртшылықтың патшаның әкімшілік органдарына жазған арыз-шағымдарын аударып беріп, қанатымен су сепкен қарлығаштай, халқына өзінің қолғабысын тигізуге тырысқан. Бірақ гимназияны бітірген соң, біреулер үшін арман болып санаған сол тілмаштық қызметке алданып қалмай, тіпті, генерал Самсоновтың құп көрмегеніне де қарамастан, Петербург университетінде білімін жалғастыруға бел буды.

1910–1914 жылдары Мұстафа Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде оқыды. Ол туралы Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы кітапханалар мен мұрағаттардан жана құжаттар табылды [7].

Санкт-Петербург пен Ленинград облыстық Орталық мемлекеттік тарихи мұрағатында сақталған № 281 істе оның аты-жөні «Чокаев Мұстафа Чокаевич» деп жазылған. Санкт-Петербург Императорлық университетінде Мұстафа төмендегі курсарды тындаған: Рим құқығының тарихы, Рим құқығының дөмасы, Орыс құқығының тарихы, Мемлекеттік құқық, Шіркеу құқығы, Полиция құқығы, Саяси экономия, Статистика, Азаматтық құқық және Сот өндірісі, Қылмыстық құқық және Сот өндірісі, Қаржылық құқық, Халықаралық құқық, Құқық энциклопедиясы, Құқық философиясының тарихы.

Бұдан ары заң факультетінің деканы В.Удинцевтің және фамилиялары түсініксіз жазылған факультет хатшысы мен заң факультеті ғылыми кенесі хатшысының қолдары тұр. Аталған құжаттың ең төменгі тұсында куәлікті 1914 жылдың 29 қыркүйегінде алғандығы туралы Мұстафа Шоқайдың өзінің қолы бар.

M.Шоқайдың саясатқа араласа бастауы

Мұстафа Шоқайдың тым жастай қоғам ісіне араласуына өскен ортасы, туабіткен зерделілігі, Шоқай әулетінің тән әлеуметтік белсенділік және алмағайып заманы әсер еткен.

Жас Мұстафаның көз алдында Ресей Империясының Қазақ еліне қатысты отарлық саясаты барынша қатығездікпен жүзеге асып жатты. Сондықтан ол студент шағынан қоғамдық саяси өмірге белсене араласып, түркі-мұсылман студент жастарының қозғалысына қатысты.

Оның саясаткер ретінде алғашқы көзге түсіу 1912 жылы Түрік-Балқан соғысы кезі болған. Соғыс бұрк ете қалғанда, Санкт-Петербургтегі қазақ, татар, өзбек, башқұрт және әзербайжан студент жастары арасында Түркияны қолдау қозғалысы еріс алды. Оның арасында М.Шоқай да болды.

Ол студент бола жүріп, 1914 жылғы Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған соң Мемлекеттік думаға хатшы болып кіреді. Мемлекеттік думаның мұсылман фракциясы хатшылығына оны Ә.Бекейханов орналасырады. Осы жерде Мұстафа тұнғыш рет түрік халықтарының саяси өміріне араласа бастайды. Еділ татарлары, Қырым татарлары, Кавказ халықтары, Орал башқұрттары оған түрлі саяси міндеттер жүктейді. Мұстафа бұл міндеттерді өте жақсы орындалап шықты (1917 жылға дейін). Төңкеріс болмаганда Мұстафа Думаға мүшелікке қабылдануши еді.

1915 жылдың 1 қарандырылған «Сират-ул-мустақим» («Тура жол») партиясына алғаш қарсылық танытқандар қатарында М.Шоқай тұрды. Ол түркі-мұсылмандық студент жастар тобымен бірлесе отырып, зиялы қауым өкілдеріне «Сират-ул-мустақим» партиясын қолдамау жөнінде үндеу таstadtы. Бұл үндеу сол кезде татар тілінде жарық көріп тұрған «Сөз» газетінде жарияланды [8; 620].

1916 жылдың 1 қарандырылған «Сират-ул-мустақим» («Тура жол») партиясына алғаш қарсылық танытқандар қатарында М.Шоқай тұрды. Ол түркі-мұсылмандық студент жастар тобымен бірлесе отырып, зиялы қауым өкілдеріне «Сират-ул-мустақим» партиясын қолдамау жөнінде үндеу таstadtы. Бұл үндеу сол кезде татар тілінде жарық көріп тұрған «Сөз» газетінде жарияланды [8; 620].

Түркістандағы көтерілістің себеп-салдарын тексеруге Мемлекеттік дума Ташкентке арнағы комиссия аттандырғанда, оның құрамында депутаттар А.Ф.Керенский, Тевкелевтермен бірге Мұсылман фракциясы жанындағы бюро мүшелері Ш.Мұхамедияров пен М.Шоқай болды. Жергілікті халықтың жағдайымен терең танысу мақсатында Мұстафа Ташкентпен ғана шектелмей, Самарқанд пен Әндіжанда болып, жергілікті жағдаймен танысты. Петроградқа оралғаннан кейін өзі жинаған материалдар негізінде 1916 жылғы көтеріліс кезінде билік орындарының Түркістан халқын аяусыз қуғын-сүргінге ұшыратқаны туралы Мемлекеттік думада Мұсылман фракциясы атынан жасалатын мәлімдеме мәтінін әзірледі [8; 620–621].

М.Шоқай 1917 жылғы Ақпан революциясы нәтижесінде патша үкіметінің құлауын зор қуанышпен қарсы алды. Қалыптасқан саяси ахуал Ресей Империясында ұлттық езгінің тауқыметін тартқан түркі-мұсылман халықтарының бостандыққа жетуіне мүмкіндіктер туғызады деп үміттенді.

Үкімет басына Уақытша үкімет келген соң, оның басшысы А.Ф.Керенский Мұстафаға министрдің портфелін ұсынады. Бірақ Шоқайұлы бұл ұсыныстан бас тартады [9].

1917 жылы көктемде Мұстафа Түркістан өлкесіне оралады. Жолда майданын қара жұмысына алынған қазақ жастары мен жалпы түркістандық жастардың елге қайтуларына қол ұшын берді.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы — Шоқайұлының бүкіл саяси қызметінің мазмұны

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы Мұстафа Шоқайдың бүкіл саяси қызметінің мазмұнын құрады. Ол, шын мәнісінде, Түркістан Республикасының ұйымдастырушысы болды. Мұның тарихи жағдайы бар еді.

М.Шоқайұлы ұлттық тәуелсіздік идеясына біртіндеп келді. Ол бұл пікірді кездейсоқ қабылдап жар сала бастаған жоқ.

1914 жылы IV Мемлекеттік думадағы Мұсылман фракциясының хатшысы қызметінде жүріп, Ресейдің алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлерімен, Дума депутаттарымен етene араласуы оның саяси көзқарасының шындалуына ықпал етті. Іс жүзінде тұтас Түркістан идеясын қолдауына негіз қаланды. Азаттық алу үшін езілген халықтардың бірігуі қажет екенін М.Шоқай сол кезде анық түсініп, өмірінің соңына дейін бұл саяси бағытынан айнаған жоқ.

1917 жылғы Ақпан революциясынан кейін «Алаш» партиясына мүше болды. 1917 жылдың маусымында Ташкентте жергілікті қазақ зиялышарының басын қосатын «Бірлік туы» атты саяси үйім құрып және осы аттас газет шығаруды қолға алды. Осы басылым арқылы елдегі саяси жағдайға өзінше үн қоспақ болды.

Бұл газет Ташкентте тұратын қазақтар құрған «Ықтият одағының» баспасөз органы еді. Аптасына бір рет шығып тұрған газеттің баспасөз саясаты — Түркістан халқының ынтымақтастырын қамтамасыз ете отырып, саяси таным-түсінігін толықтыру, осылайша Бүкілресейлік Құрылтай жиналышына дайындалу еді. Газет осы орайда Бөкейхановтың жетекшілігіндегі «Алашорда» қозғалысының баспасөз органы «Қазақ» газетімен үйлесімді әрекет етті.

Түркістан өлкесі мұсылмандары Ұлттық оргалығының баспасөз органы ретінде 1917 жылдың сәуір айынан шыға бастаған «Улуғ Түркістан» газетіне қазан татары Фатих Керимі басшылық етті. Шоқай бұл газеттің редакция алқасының құрметті мүшесі болды әрі мақалалары басылып тұрды.

Алты мың таралыммен шығатын «Улуғ Түркістан» сол кездегі әжептәуір ықпалды газет екенін айтуга болады. Газет 1918 жылдың көктемінде кеңес органдары тарапынан жабылды. Шоқай бұл газеттің 1917 жылғы 30 сәуір күнгі санында шыққан мақаласында Түркістан халқының татар, сарт және қазақ болып жіктелмей, түркілік және мұсылмандық шаңырағы астында бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ынтымақтасу қажеттігін баса көрсетті [6].

Ақпан революциясы берген басты жетістік — патша үкіметінің құлауы — түркістандықтар үшін бостандыққа жол ашқандай сәуле болды. Соны пайдаланып, жарық күнге жету мақсатында М.Шоқай өз халқына мардумды қызмет жасау жолын іздейді. Елдегі саяси қозғалысқа белсене араласады. Іс жүзінде ұлттық қозғалыстың басты көсемдерінің біріне айналады.

1917 жылғы Түркістан мұсылмандары арасында екі топ құрылды: біріншісі консервативті бағыттағы «Улема жәмияты» («Ғұламалар қоғамы»), оны Сералы Лапин басқарады. Екіншісі прогресшіл бағыттағы «Шуро-и-Ислам» («Шурай Исламиа»), оның басында Мұстафа Шоқай тұрады [10; 13].

«Шуро-и-Ислам» («Мұсылман кеңесі») одағының идеологиясы түркі-мұсылман халықтарының басын біріктіріп, әрбір ұлттың өзін-өзі басқаруына қол жеткізу болатын. Одақ жергілікті халықтың мұддесі үшін белсенді қызмет атқарды. Олардың бастамасымен 16 сәуірде Ташкентте

Жалпытуркістандың Құрылтай шақырылды. Оған қазақ, өзбек, түркімен және басқа Түркістан халықтарының өкілдерінен барлығы 150 делегат қатысты. Съездің төң төрағасы болып М.Абдрашидханов пен Сералы Лапин, ал хатшылыққа Мұстафа Шоқай сыйланды. Съезде қаралған негізгі мәселелер — Уақытша үкіметке көзқарас және патша үкіметі құлатылғаннан кейінгі Түркістанды басқару туралы болды. Сондай-ақ съезд Уақытша үкіметті қолдай отырып, Ресейдің федеративтік, демократиялық, парламенттік республика ретінде өзінің президенті мен Құрылтай жиналышы болуы мен облыстарға автономия беру (оның ішінде Түркістанға) идеясын ұсынды. Жалпы Түркістан ұйымын — Түркістан Мұсылман кеңесін құру жөнінде міндеттер қойылды. 1917 жылы 12 маусымда ондай ұйым құрылып, оның төрағалығына М.Шоқай тағайындалды. Бұл ұйым ұлттық-демократиялық бағыттағы саяси құштермен тығыз одақ жасауға ұмтылды. Оның мүшелері «Алаш» партиясымен де қарым-қатынастар орнатты. «Шуро-и-Ислам» 1917 жылы 2 қазанды Кеңес үкіметін мойындамау жөнінде шешім қабылдады [11; 188].

«Шуро-и-Исламның» белсенді саяси қызметінің нәтижесінде 1917 жылдың 26 қарашасында Қоқанда Түркістан мұсылмандарының өлкелік IV Төтенше съезі өтті. Оның жұмысына 300-ден астам делегат қатысты. Съезге қазақ халқының өкілдері ретінде Ә.Бекейханов, М.Тынышпаев, М.Шоқай сыйнды т.б. көрнекті қоғам қайраткерлері қатысты. 27 қарашада съезд Түркістан Автономиясын құру туралы қаулыны жариялады. Түркістан Автономиясы Уақытша үкіметінің құрамы 12 адамнан — 8 жергілікті халық өкілінен, 4 басқа ұлт өкілінен жасақталды. Түркістан автономиясының Премьер-министрі және Ишкі істер министрі болып М.Тынышпаев, Сыртқы істер министрі болып М.Шоқай сыйланды. Кейін М.Шоқай Премьер-министр болды. Сонымен бірге құрамы 54 адамнан тұратын Ұлттық жиналыш құрылып, оның үштен бір бөлігі жергілікті емес ұлт өкілдерінен құралатыны анықталды. 1917 жылы 1 желтоқсанда Түркістан Автономиялық үкіметі өлкө халқына Үндеу жариялады. Үндеуде Түркістан Ресей Федеративтік Демократиялық Республикасының автономиялық бөлігі болатынын мәлімдеді. Съездің өткізілген орны және автономияның әкімшілік орталығы — Қоқан қаласында орналасқандықтан, оны Қоқан автономиясы деп те атады. Бұл, шын мәнісінде, Түркістан Республикасы еді.

1917 жылы 5–13 желтоқсанда Орынборда II Жалпықазақ съезі болып өтті. Оның жұмысына Қазақ өлкесінің: Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісү, Сырдария облыстарынан және Бекей Ордасынан, Самарқанд облысы мен Алтай губерниясынан делегаттар қатысты. Съезді ұйымдастырушылар Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, Е.Омаров, С.Досжанов, М.Дулатов болды. Съездің төрағасы болып Б.Құлманов сыйланды. М.Шоқай осы съезге қатысып, Сырдария облысынан Алашорда үкіметінің мүшелігіне өтті. 1918 жылы 5 қантарда Түркістан қаласында ашылған Сырдария облысы қазақ-қырғыздарының съезін ұйымдастырды. Онда автономия, милиция және т.б. мәселелер қаралды.

1917 жылдың қазанында Петроградта қарулы көтеріліс арқылы жасалған төңкерістің нәтижесінде Кеңес үкіметінің орнағаны туралы хабар Қазақ өлкесіне де жетті. Мұндағы большевиктік ұйымдар билікті өз қолдарына ала бастады. Осылайша Қазақ өлкесінде Кеңес үкіметін орнату жұмысы басталды. 1917 жылдың қазаны мен 1918 жылдың наурыз айының аралығында Кеңес үкіметі тек Оралдан басқа жерлерде, Қазақ өлкесінің барлық аумағында орнатылды. Кеңестерге қарсы құштердің ошақтары Орынбор, Орал және Жетісү аудандары болды.

1918 жылғы 18–23 қантарда өткен Түркістан Кеңестерінің IV съезі Қоқан автономиясы үкіметін, заннан тыс деп жариялад, оның басшыларын тұтқындау және автономияны тарату жөнінде қаулы қабылдады. Мұның аяғы қанды қырғынға ұласты.

Большевиктер Премьер-министр М.Шоқайға Кеңес үкіметін мойындау, карулярын тапсыру және милиция органдарын тарату туралы ультиматум қойды. Бірақ олардың бұл талаптарын орындаудан Түркістан үкіметі бас тартты. Қоқан автономиясын жою үшін бұл аймаққа 1918 жылы ақпан айының 5-нен 6-на қараган түні 11 эшелон кавалерия, артиллерия және жаяу әскер бөлімдері жеткізілді. Ал 6–7 ақпанды Қоқан автономиясын большевиктер әскери құшпен талқандады. Автономия жетекшілері бас сауғалауға мәжбүр болды, «Шуро-и-Ислам» ұйымы ыдырап кетті. Сөйтіп, Түркістан автономиясы жойылды [11; 194].

Қоқандағы большевиктер құғынынан Мұстафа Шоқай шетелге кетуге мәжбүр болды.

Шоқайұлының шетелдегі саяси іс-әрекеттері

Мұстафа Шоқайдың сан салалы саяси қызметінде оның эмиграциядағы кездері ерекше орын алады. Ол Түркістан халықтары арасында тұнғыш рет Еуропада Түркістандық саяси эмиграциялық қызметтің негізін қалаушы болды.

Ресей Империясының ең тандаулы оқу орнын бітірген талантты жасты, әрине, тоқсан тарау жолдар күтіп тұрып еді. Өмірдің ығымен жүре берсе, әйтпесе, білімін бұлдаپ, тілмаштықпен айналысса, тіпті, большевиктердің қанды шенгелінен құтылып, шет елге табаны тиісімен бәріне қолды бір-ақ сілтеп, қара бастың қамымен кетсе, университет кафедрасынан лекциясын оқып, әйтпесе көп газеттердің бірінің сұранысына сай мақаласын жазып, тып-тыныш, тоқ тіршілік кешкен болар ма еді. Әйтпесе жаздым-жанылдым деп большевиктердің алдында басын исе, ондай беделді, білімді азаматқа Кеңес үкіметі кенселерінің бірінен аумақты үстел бұйырып та қалар ма еді. Бірак қалай десек те, М.Шоқай басқа жолды — эмиграцияға кетіп, большевиктік Кеңес үкіметіне қарсы құрес жолын таңдады. Ол — Алаш қозғалысының соңғы қайраткері. Өзінің саяси ұстаздары, Алаш қозғалысының құрылтайшы жетекшілері большевиктердің қысымымен тұрмелерге қамалып, атылып кеткен жылдары Алаш туын құлатпай, шетелде кетерді.

Шоқайұлы шетелдік эмиграцияның ең бір көрнекті өкілі бола тұрып, өз ұлтының азаттығы үшін құресін қарымды қаламмен толықтырды. Қалам саяси қайраткерге көмектесіп, оның қызметін айрықша ажарландырды, ерекше биікке көтерді. Сөйтіп, қазақ тарихында азаттық үшін құрестің жана түрі мен жаңа кезеңі басталды.

Ұлттық мұлде үшін саналы түрде шетелге кеткен ол Маңғыстау арқылы әуелі Түркімен жеріне, содан кейін теніз арқылы Бакуғе барады. Алайда Эзербайжан мемлекетіндегі сол кездегі саяси ахуал тұрақсыз болғандықтан, мұнда көп тұрақтамай, Грузия мемлекетіне өтеді. Бакудегі Грузия Республикасының тұрақты өкілі Н.Карцивадзенің кепілдігімен Тбилисиге келген М.Шоқайды Грузияның саяси басшылары ыстық ілтиpatпен қарсы алды. Әсіресе Грузия Ұлттық Үкіметінің басшысы М.Жордания мен Ішкі істер министрі М.Рамишвили оған зор құрмет көрсетті. Ол кезде тәуелсіз Грузия саяси босқындарды құшақ жая қарсы алған болатын [12].

1919 жылдың сәуір айында Тбилисиге келіп, 1921 жылы ақпан айының ортасына дейін осы жерде тұрган Шоқай әуелі Солтүстік кавказдықтар шығаратын «Вольные горцы» атты апталық газетте және грузиялықтардың «Борьба» газетінде жұмыс істейді. 1919 жылдың 1 қарашасынан бастап Түркістан және Украина Ұлттық орталығының көмегімен орыс тілінде «На рубеже» атты тәуелсіз айлық шығара бастайды. Бас редакторы болған бұл журналда М.Жанай және Жәлел деген бүркеншек атпен мақалалар жариялады. 1920 жылы Мұстафа Ахмет Салиховпен бірге түркістандықтардың ұлттық мұдделерін қорғайтын «Иені Дүния» атты апталық газет шығара бастады. Мұстафа Шоқай сол жылы алдымен аптасына бір, кейіннен екі рет шығарылған, негізгі идеясы Түрік ұлт-азаттық құресін қолдайтын «Шафак» (кейбір деректерде «Шафик») газетін шығарады.

«На рубеже» Грузия үкіметінің материалдық көмегі арқылы шығып тұрды. Түрік тілінде шыққан «Шафак» («Шофак») Тбилисидегі түрік қоғамының жәрдемімен жарияланды. Шоқайұлы «На рубеже» арқылы Грузия үкіметінің Кеңес билігіне қарсы ұлт-азаттық құресін қолдаса, «Шафак» газеті арқылы Анатольяда Мұстафа Кемалдың жетекшілігінде одактас мемлекеттерге қарсы жүргізіліп жатқан ұлт-азаттық құреске қолдау көрсетті.

Ұлттық құресті шетелде жүргізу мақсатымен елінен кеткен мұғажыр Мұстафа Шоқай бірнеше айдан кейін пролетариат диктаторлығынан азат етілген тәуелсіз Түркістанға қайтып ораламын деп ойлайтын. Бірак Серго Орджоникидзе басқарған Қызыл Әскерлер Тбилисиді басып алған 1921 жылдың 25 ақпанында Мұстафа Шоқай Стамбулда болған аз ғана мерзім ішінде большивектердің Тбилисиді басып алуы және Тбилисидегі соңғы жағдай туралы «Taіms» газетінде бес мақала жариялайды [13].

Стамбулда жүрген кезінде Еуропадағы саяси эмиграция туралы іздене бастаған Мұстафа Шоқай Парижде А.Ф.Керенский тобының «Rue de La Pompe» газетін шығарып жатқанын біліп, олармен хат алыса бастайды. 1923 жылы демократияның орталығы ретінде эмигранттар топтасқан Парижді өз ісін жалғастыруға қолайлы деп тапқан Мұстафа Шоқай Францияға кетеді.

Шетелдік эмиграция жылдарында қоپтеген қыншылықтарды жеңе отырып, М.Шоқай кеңестік езгідегі Түркістан халықтарының өмірін көрсетуге арналған журналдар мен газеттер шығаруды

ұйымдастырды. Олардың жұмысына белсene араласты. Ол А.Ф.Керенскийдің «Дни» және П.Н.Милюковтың «Последние новости» газеттерінде қызмет етті.

1923 жылы башқұрт халқының ұлы перзенті Заки Уәлиди (Валиди) Тоган Ауганстан, Үндістан айналып, Еуропаға жетті. Заки өзінің көне досы Мұстафанды оның Париждегі пәтерінде кездестерді. Осы кездесуден соң-ақ олар Түркістан Ұлттық Одағы ұйымының қызметін жандандырып, қоғамдық саяси басылым шығару ісін қолға алды. Уәлидидің Еуропаға келгеннен және Түркістан Ұлттық Одағы ұйымының қайта құрылғаннан кейін бұл қажеттілік айқын сезіле бастады. Одактың жеке баспасөз органы болуы тиіс еді. Бірақ материалдық мүмкіншіліктердің тапшылығына байланысты Одак жеке органын ұзақ уақыт шығара алмады.

Ақырында, «Прометей Одағы» құрылғаннан кейін (мүмкін, Польша үкіметінің көмектесу арқасында) бұл қынышылық жойылды. Түркістан Ұлттық Одағының 1927 жылы ақпан айында қабылдаған шешімі бойынша, Стамбулда «Йени Түркістан» атты журналды Мұстафа З.У.Тоганмен бірге Түркістан Ұлттық Одағының баспасөз органы ретінде жариялады. Осылайша тыскары жерде Түркістанға арналған тұнғыш журнал жарық көрді. Журналдың басты мақсаты — Түркістан ұлттық тәуелсіздік идеясы мен түркі халықтары арасында ынтымақтастық пікірін тарату еді. Сондай-ақ журнал Түркістан халықтары мен Түркия халқы арасында тіл және діл бірлігін нығайтуды мақсат тұтты.

Журнал басшылығы бірнеше рет өзгерді.

Тоганның 1928 жылы басшылықтан кетуіне байланысты журналдың бүкіл ауыртпалығын Шоқайдың бір өзі көтеруге мәжбүр болды. Бұл журнал 1931 жылы қыркүйек айында Түрік үкіметінің шешімі бойынша жабылды.

1929 жылы «Йени Түркістанмен» қатар Түркістан Ұлттық Одағының баспасөз органы ретінде Берлинде «Яш (Жас) Түркістан» атты екінші бір журналдың шыға бастауы ұйым жұмысына Стамбулдағы баспасөз органының жеткіліксіз болғандығын көрсетті. Журнал шет елдердегі ресейлік түркі халықтары өкілдерінің Екінші Дүниежүзілік соғыстан бұрын ұзақ уақыт шығып тұрган және ең ықпалды баспасөз органдарының бірі ретінде тарихта із қалдырды. Бұл жетістікке кездейсоқ қол жеткізілген жоқ. Ол Шоқайдың студенттік жылдарынан бастап баспасөз саласында жинақтаған тәжірибесінің бір жемісі еді.

«Яш Түркістан» сол кездегі Түркістан жөніндегі ең маңызды басылым еді. Онда саяси, экономикалық, мәдени тақырыптардағы мақалалармен қатар әдеби шығармалар да жарияланып тұрды. Журнал материалдары Түркістан халықтарының тұрмыс-тіршілігі туралы ачы шындықты баяндап, отаршылдарға карсы ұлт-азаттық бағытындағы қүресте түркістандықтарға рух беріп отырды. Түрік бірлігі мұраттарын насхаттады.

Журнал, негізінен, Берлинде шығып тұрды, ал Мұстафа Шоқай бас редактор ретінде Парижден басшылық етті. Қажет кезде ол Берлинге барып-келіп тұрды. Журнал мақалаларының көбін, әсіресе бас мақалаларды Мұстафа Шоқайдың өзі жазды.

Он жыл (1929–1939) ішінде журналдың 117 саны жарық көрді. 1939 жылы 1 қыркүйекте Германияның Польшаны басып алуымен Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына орай журнал шығуын тоқтатты [14].

Шетелде жүрген Мұстафа баспа беттерінде (әсіресе Түркістан мәселесі тақырыбын терең әрі батыл қамтыған «Яш Түркістан» журналы арқылы) большевиктерге қарсы дамылсыз қурес жүргізді. Ресей бодандығындағы түркі халықтарының ғасырлар бойы ұлт-азаттық қозғалысын жаңа сатыға көтерді. Оның ұйымдық негіздерін қалады; мақсат-міндеттерін, стратегиясы мен тактикасын анықтады. «Көтерілістен — ұйымшылдықка (Көтерілістен — ұйымға)» атты тамаша еңбегінде: «Ең алдымен барлық құштерді бір мықты саяси ұйымның маңына топтастыру керек. «Түркістан ұлттық бірлігінің» бірінші кезектегі міндеті және таяу арадағы мақсаты: 1) Түркістанды орыс пролетариаты үстемдігінен құтқару; 2) Түркістанда орыстың кез келген үстемдігінің орнауына жол бермеу; 3) бәрінен бұрын ұлттық, тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру болып табылады. Біз, әрине, кайда болсақ та отандастарымыздың большевиктердің зұлымдық езгісі мен кандауына мойынсал болуға шақырып тұрган жоқпыш. Біз тек жекелеген бытыраңқы көтерілістермен атамекенімізді құтқара алмайтынымызды ғана айтып отырмыз. Бұл шындықты біз ең алдымен білуге тиіспіз.

Көтерілістер кезінде орыс большевиктері құштеп, зорлап, алдан-арбап қолына түсіріп алған халық бұқарасын Кеңес үкіметі агенттерінен, сатқын шенеуніктерден айыра білуге де айрықша мән берген жөн» [15; 102], — деп жазды М.Шоқай.

Мұстафа Шоқай өмірінің соңына дейін тәуелсіз ұлттық мемлекет құру идеясын жақтады. Өзінің алдына қойған мақсатына қол жеткізу жолында абырай-беделіне нұқсан келмейтін кез келген қолайлы мүмкіндіктерді пайдалануға ұмтылды. Мысалы, 1936 жылы Берлин қаласында Түркістан жастары алдында сөйлеген сөзінде: «...Алыста жүріп ел қайғысын ойладап, алыста жүріп ел қамын ойладап, Еуропаның әр тараҧында жүрген, бұғінгі Түркияда тұрған Түркістан жастары, бірлесіндер! Сендердің бірліктерін, сендердің бір-біріңе құш қосуларың — еліміздің бақытына қызмет етпек. Мұны ұмытпаңдар! Бәріміздің құбыламыз — өзіміздің ата жүртімымыз, өлкеміз Түркістан болмақ! Түркістан үшін өлу, Түркістан үшін жан беру — бәрімізге бір мақсат, бір мұхабbat уәзиға болмақ. Мұны ұмытпау керек...!

...Түрік халқы — батыр халық. Түрік халқы — арыстан ер халық. Кімнен таяқ жегендей біздің түріктің баласы, алдырып жүрген дұшманға ауызының аласы. Бұл нақыл сөзді ұмытпауымыз керек. Бәріміз бір болсақ, біздің женбейтұғын жауымыз болмайды, мақсатымызға жетеміз! Онсыз біздің күніміз жоқ, құрып кетеміз. Құрымасымыз үшін, боспасымыз үшін — күшімізді біріктіріп, иін тірестіріп, бір-бірімізге жәрдем беріп жүруіміз керек. Онсыз біздің күніміз қаран. Мұны ұмытпау керек! Түрік баласы, ұмытпаңдар, бастарыңдағы бөтен елдің өкіметін шығарып тастауға, аударып тастауға тырысындар [16], — деп жар салды.

М.Шоқай жалғыз түрік халықтарының басын қосуға ғана атсалысқан жоқ. Ол эмиграциядағы бүкіл Украина, Кавказ халықтарымен бірге Кенес Одағындағы тоталитарлық жүйеге қарсы жалпы майдан құруды арманадады. Осы бағытта «Достық комитеті» құрылып, онда да Мұстафа белсенді қызметімен, көрегенділігімен көзге түседі. Кавказдықтардың бастары біріккен «Прометей» ұйымымен өнімді қатынас орнатуға күш салады. Сондықтан да ол Кавказ, Украина және Түркістан халықтарын ұлттық қорғау органды — «Прометей» (Париж, 1926–1938) журналы редакциялық алқасының мүшесі. 1928 жылы Варшавада Польшаның Бас штабы мен Сыртқы істер министрлігінің Шығыс бөлімі эмигранттардың барлық топтарын біріктіру және КСРО-ға қарсы пайдалану туралы Ю.Пильсускийдің алға қойған міндеттеріне байланысты құрылған «Прометей» (Ресейдің езгісіндегі халықтар лигасы) халықаралық ұйымының мүшесі. Бұл ұйымға Әзербайжан, Дон, Карелия, Грузия, Волга бойы, Қырым, Кубань, Солтүстік Кавказ, Түркістан, Украинаның және басқалардың өкілдері кірген [17; 4].

«Түркістанның болашағы «Тәуелсіз Түркістан» ұраны астында Ресейден бөлініп шығып Түркістан мемлекетін құратын халық бұкарасының қолында, татарлар мен башқұрт бауырларымыз Түркістан Түрік мемлекетімен қойындастып, қолтықтасып кете алса, түрікшілік пен түрік рухы үшін ұлы табыс болар еді. Біз бұғін ұлтты құтқару күресімізде, ұлттық құрылышымызда түркістандықтарды ру, ұлыстарға бөліп іштен іріткі салатындарды Түркістан ұлтшылдық идеясы мен мұраттарының жаулары деп есептейміз. Қазақ, қырғыз, өзбек, түркімен...— бәрі бір кісідей жұмылып Түркістанның ұлттық ұраны астына топтаспайынша, Түркістанның болашағын қамтамасыз ету мүмкін емес» [15; 280–281], — деп жазды Мұстафа 1932 жылы («Түркістан түрікшілдігі» деген мақаласында).

Осы жылы Парижде прометейшіл қайраткерлердің алдында сөйлеген сөзінде Шоқай: «Егер біз сол кезде ақылға келгенімізде, егер «орыс демократиясының шындығына сенудін» орнына, біздің санамызда ұлттық аймақтарда революцияны меңгеруге және оны іске асыруға батыл ұмтылғанымызда, егер біздер бұғінгі прометейшіл майданың өкілдері сол тарихи кезенде Украинаның ұлғасімен біріккенімізде, біздің халықтарымыз қазіргі кеңестік ұлттық, материалдық және ұлттық-мәдени мағынадағы езгіден гөрі тәуір тағдырға ие болар еді» деп көрсетті [17; 4].

Сонымен, Түркістан халықтарының бірлігі Шоқайұлының шетелдегі шығармашылығындағы басты тақырыптардың бірі болды.

Қорытынды

Өзінің саяси күресі үшін тиімді ортанды тек Франциядан таба білген Мұстафа осы елде 20 жылдай өмір сүрді. Мұның 8 жылы (1933–1941) Франция елінің астанасы — Париждің жанындағы Ножан-сюр-Марн қаласында өтті. Осы жерде өзінің публицистикалық еңбектері мен саяси күресі арқылы әлем танып, мойындаған саяси тұлғаға айналды.

Екінші дүниежүзілік соғыс бұрқ еткенде, бүкіл ресейлік эмигранттар бас сауғалап Франциядан қаша бастады. Барлығы нацистер Францияны жаулады деп аландаган еді. Лек-легімен АҚШ-қа қарай жосылды олар. Солардың ішіндегі жолдастары, Шоқайды да бірге АҚШ-қа ала кетпек болды. Бірақ Шоқай оларға ермеді. «Мен, — деді ол, — Францияны туған отанымдай көремін. Өйткені ол

қын-қыстау күндерімде мені бауырына басты. Сондықтан, мен де Францияны қын-қыстау күндерінде тастал кете алмаймын. Француз халқы қандай қындық көрсө, мен де соны көруге дайынмын». Сөйтіп, Шоқай Францияда қалды. Өйткені оның жүргегінен Франция ерекше орын алған еді. Франция ол үшін шынында да бостандықтар, теңдіктер және бауырластықтар елі еді.

Франция қазіргі Қазақстанның тәуелсіздік тарихына ерекше мән беріп отыргандығын Ножан-сюр-Марн қалалық мұражайында қазақ халқының әйгілі ұлы Мұстафа Шоқайға арналған ескерткіштакта ашу арқылы көрсетті. Осы іс-шараға аталмыш қала жүртшылығы, Франциядағы қазақ диаспорасының өкілдері қатысты.

Бұл ескерткіш-тақтада М.Шоқайдың қыскаша өміrbаяны мен Қазақстанның тарихи және географиялық сипаттамасы ұсынылған. Ножан-сюр-Марн қаласы мұражайының басшылық өкілдерінің пікірі бойынша, осы ескерткіш-тақта мұражайдың ең басты жәдігері болып табылады және қазақ пен француз халықтарының ықпалдасуына өз үлесін қосады.

Әдебиеттер тізімі

1. *Сәрсенбай О.* Мұстафа Шоқай қашан, қайда туған? / М.Шоқай Таңдамалы. — Т. 1. — Алматы: Қайнар, 1998. — 503, 504-б.
2. *Сатаев А.* Дозақты жеңген қазақ // Қазақ әдебиеті. — 2007. — № 21 (3025). — 25 мамыр. — 14-б.
3. *Дайрабай Т.* Торғай датқадан Мұстафа Шоқайға дейін... // Түркістан. — 2011. — 26 мамыр. — 7-б.
4. *Кішібеков Д., Кішібеков Т.* Мұстафа Шоқай кім еді? // Ақыят. — 2011. — № 2. — 29-б.
5. *Әлібеков Ә.* Мұзарт // Егемен Қазақстан. — 25 тамыз. — 2004. — 8-б.
6. *Баймұрат А.* Мұстафа Шоқайдың балалық шағы және баспасөз саласындағы қызметі // Қазақ. — 2010. — № 32–33 (493–494). — 6–13 тамыз. — 7-б.
7. *Аққұлұлы С.Х.* Санкт-Петербургте Мұстафа Шоқай туралы жаңа құжаттар табылды // Қазақ. — 2009. — № 50–51 (459–460). — 11–18 желт. — 10-б.
8. Қазақстан: Үлттық энциклопедия. — Т. 6 / Бас ред. Б.Аяған. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2004. — 696 б.
9. *Тогысбаев Б., Сужикова А.* Тарихи тұлғалар: Танымдық-көпшілік басылым. — Алматы: Алматықітап, 2006. — 68-б.
10. *Қойғелдинев М., Нұсінхан А.* Мұстафа Шоқай және Түркістан / М.Шоқай. Таңдамалы. — Т. 1. — Алматы: Қайнар, 1998. — 13-б.
11. *Кан Г.В., Шаяхметов Н.У.* Қазақстан тарихы: Окулық. — Алматы: Алматықітап, 2007. — 264 б.
12. *Қыдырәлі Д.* Мұстафа көтерілген шың // Жалын. — 2004. — № 8. — 74–85-б.
13. *Қыдырәлі Д.* Мұстафа Шоқайдың мұғажақырылқ мұраты // Жұлдыз. — 2003. — № 4. — 184–193-б.
14. *Әли Ф.* Тайыр Шагатай деген кім? // Жас Алаш. — 2010. — № 65. — 17 тамыз. — 5-б.
15. *Шоқай М.* Таңдамалы. — Т. 1. — Алматы: Қайнар, 1998. — 512 б.
16. *Шоқай М.* Түркістан жастарына // Ақ Орда. — 1993. — № 18. — 81-б.
17. *Исхаков С.* «Біз тілеген «корыс революциясы» бізді қапыда қалдырды» деген Мұстафа Шоқайдың саяси көзқарасы жайында // Түркістан. — 5 тамыз. — 2010.

Р.С.Каренов

Мұстафа Чокай — личность, символизирующая независимость Казахстана

В статье подчеркивается, что для многих казахстанцев личность Мустафы Чокая до сих пор остается загадочной. Даются сведения о жизни и деятельности М.Чокая как политического деятеля, публициста, юриста, журналиста, писателя. Отмечено, что он был одним из ярких представителей казахской интелигенции начала XX в. Доказывается, что М.Чокай был одним из первых, кто в это время провозгласил идею о независимости всех тюркоязычных народов, пропагандировал демократические идеи. Глубокое знание европейских языков позволило Мустафе выступать с многочисленными докладами и аналитическими обзорами в Париже, Лондоне, Стамбуле, Берлине и других крупных городах. Автор описывает его деятельность, связанную с организацией выпуска в Стамбуле журнала «Ени (Новый) Туркестан», изданием с 1929 г. в Берлине журнала «Яш (Молодой) Туркестан», указывает, что благодаря разносторонней политической деятельности и большой эрудиции он приобрел в Европе высокий авторитет, пользовался поддержкой различных европейских организаций и институтов.

R.S.Karenov

Mustafa Chokai — identity, symbolizing independence of Kazakhstan

It is underlined that for many kazakhstan person Mustafy Chokaja remains till now mysterious. The information on life and M.Chokaja's activity as politician, the publicist, the lawyer, the journalist, the writer are supplied. It is shown that it was one of bright representatives of the Kazakh intelligency of the beginning of the XX-th century. It is proved that M.Chokaj was one of the first who has proclaimed at this time idea about independence of all the turki language the people, propagandized democratic ideas. It is noticed that the profound knowledge of the European languages has allowed Mustafe to act with numerous reports and state-of-the-art reviews in Paris, London, Istanbul, a berlin and other big cities. Its activity connected with the organization of release in Istanbul of magazine «Eni (New) Turkestan», by the edition since 1929 in a magazine berlin «Jani (Young) Turkestan» is described. It is underlined that, thanks to versatile political activity and the big erudition, it has got a great prestige in Europe, was supported of the various European organizations and institutes.

ӘОЖ 821:003.075

Р.С.Каренов

E.A.Бекетов атындағы Караганды мемлекеттік университеті

Мұстафа Шоқайдың ғалым-публицист ретіндегі қасиеттері және шоқайтанудың бүгінгі жағдайы

Мұстафа Шоқайдың ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы тек Қазақстанның саяси өміріндегі ғана емес, сондай-ақ барлық Түркі әлеміндегі ең белгілі тұлға болғандығы көрсетілген. Шоқай туралы оның идеологиялық бағдарын асыра сілтеусіз тек соңғы кездері ғана айтыла бастағанына көніл бөлінген. Қазіргі танда оның қызметі посткеңестік кеңістіктегі тарихи зерттеулерде көбірек жариялана бастағаны көрсетілген. Мұстафаның саяси эмигранттар ішінде алғашқылардың бірі болып түрік халықтарының мұддесін қорғау жолындағы ғылыми — публицистикалық қызметі талданған. Оның ғылыми және әдеби еңбектерінде өзінің түпкі арманы — Түркістан халықтарының бірлігі туралы жазғаны дәлелденген. Оған тарихтың өзі еншілеген Европадағы түрік халықтарының екілі рөлін ойдағыдай атқарғаны көрсетілген. Біздің елімізде және шет елдерде Мұстафа Шоқайдың шығармашылық мұрасының және ғылыми — ағартушылық қызметінің зерттелу деңгейі ашылған.

Кілтті сөздер: ғалым, тұлға, дипломат, шоқайтану, ұлттық саясат, халықаралық саясат, Орта Азия, Қазақстан, Еуропалық қоғамдастық, эмигранттар.

Kipicne

Шоқайдың тарихи-публицистикалық еңбектері батыс тарихнамасында қоғамдық екі жүйенің қырғи-қабақ соғыс жолына түсे бастаған жағдайында аса маңызды туындылардың қатарында болды. Өзінің жарияланымдарында ол КСРО-дағы ұлттық саясатты аяусыз сынға алды. Сондықтан КСРО-да олар идеологиялық сынға ұшырады.

Шоқай Еуропада халықаралық саясат пен кеңестік Орта Азия мен Қазақстандағы ішкі жағдайдың өзекті мәселелері жөнінде баяндамалар жасап, мақалалар жариялады. Кітаптар шығарды. Көптеген эмиграциялық басылымдарда еңбектері жарық көрді.

Әріптерінің айтуынша, Мұстафаның сөздері терең ғылыми талдауларымен және философиялық пайымдауларымен, өзгеше ой-түйіндерімен, кейде таңқаларлық қорытындыларымен еуропалық қоғамдастықтың және орыс эмигранттарының арасында үлкен беделге ие болды.

Шоқайдың шығармашылық ізденістері, тарихи-публицистикалық еңбектері

Көп саяси тұлғалар, белгілі ғалымдар мен сарапшылардың М.Шоқайдың Кемаль Ататүрік, Джавахарлал Неру секілді қайраткерлер қатарына қоюында ешбір асыра бағалаушылық жок. Мұстафаның қайраткерлік, ұйымдастырушылық қызметі халықаралық сарапшы, көсемсөз майталманы, тарихшы-ғалым ретіндегі қырларымен астасып жатады. Әлемдік өркениет жетістіктерінен нәр алып, оның бітім-болмысына қайнап біткен бұл қасиеттерін бірін-бірінен айырып алып, өз алдына жеке қарау қынға согады. Тереңдік пен жан-жақтылық секілді өлшемдер өзара үйлесім тапқан ғалымдық таланттының арқасында Мұстафаның шығармашылық ізденістері сан алуан қайнар бұлақтардан бастау алып бір арнаға — өмірлік мұратына айналған «тәуелсіздік идеясы» атты мұхитқа барып құяды [1].

М.Шоқай жеті-сегіз тілді еркін менгергендіктен, Еуропаның біраз калаларында баяндамалар жасайды. Көрнекті саяси тұлға, ғұлама ғалым ретінде Ұлыбританияға, Польшаға, тағы басқа елдерге Түркістандағы, Шығыс Түркістан мен Ауғанстандағы жағдай туралы баяндама жасауға шакырылады. Құжаттарында қазак қайраткерінің дипломаттық қырын сипаттайтын соны мағлұматтар барышылық. Мұстафаның 1933 жылдың наурыз айында жазысқан хаттарында Ұлыбританияға баратын сапары төңірегіндегі мәселелер көтеріледі. Лондонда ол Корольдік Орталық Азия қоғамында «Түркістандағы Кенестер саясаты», Корольдік Халықаралық қатынастар институтында «КСРО және Шығыс Түркістан» деген тақырыптарда баяндамалар жасайды. Әлемге танымал ағылшын ғалымдары мен қоғам қайраткерлері мазмұнды сұхбаты үшін М.Шоқайға алғыс айтады. Ағылшын қайраткері Аллен түскі асқа шақырады. Мұндай жоғары құрмет кез келген тұлғаға көрсетіле бермейтін.

Сол уақыттағы АҚШ-тан бастап Батыс Еуропа елдерінің басты басылымдарында Мұстафаның еңбектері жарық көрді. Шоқайдың мақалалары орыс, түрік, француз және ағылшын тілдерінде әр түрлі газет-журналдарда жарияланды. Ол орыс тіліндегі шығармаларын босқын орыс лидерлері Керенскийдің «Діни» газеті мен Милюковтың «Последние новости» газеттерінде жариялады. Француз тіліндегі мақалаларының басым көшпілігі «Прометей» журналында, содан кейін «Ориен е Оксидан» журналында жарық көріп тұрды. Ағылшын тіліндегі мақалалары болса, «Азиятик Ревью» («Эйшатик Ревю») секілді журналдарда орын алды.

Мысалы, 1928 жылы ағылшындар М.Шоқайдың «Эйшатик Ревю» журналында жарияланған «Түркістандағы басмашылық қозғалысы» деген мақаласымен танысады. Журнал редакциясының мақалага берген кіріспе сөзінде: «Батыс Еуропадағы бұрынғы орыс империясы мұсылмандарының Кенес Одағына қарсы ұзақ уақыт бойғы күресіне байланысты маңызды проблема жөнінде акпарат аз; қазір біз М.Шоқайдың Түркістандағы басмашылар қозғалысы туралы жұмысын жариялауға бақыттымыз. Ол 1917 жылы карашада Түркістан мұсылмандарының Төртінші съезінде автономды Түркістанның Уақытша үкіметінің Президенті болып сайланған, сол себепті тақырыпты жақсы біледі», — дедінген [2].

Алаш козғалысының бастапқы баспасөз органы «Қазақ» газеті болса, коммунистер оны жауып тастаған соң, екінші органы «Яш (Жас) Түркістан» болды. Бұл басылымның алдына қойған міндеттін Мұстафа «Біздің жол» деген мақаласында былайша сипаттады: «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздігі жолындағы талаптарының мән-мағынасын бұзбай, күшін әлсіретпей, «Жас Түркістан» беттерінде көтере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және аса ауыр жауапкершілік арткан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік.

Бұл жаңа бастаған ісімізге тікелей көрсетілетін көмек жоқ дерлік. Алайда біз отанымыздың ұлттық тенденция ұмтылысынан, жерлестеріміздің рухани көмектерінен нәр аламыз. Сондықтан да біз барлық ауыртпалықтарға қарамастан, осы басылымды шығаруға бел байладық.

Көлемі жағынан шағын болғанымен, «Жас Түркістан» өз мойнына азаттық пен тәуелсіздік туын көтерудегі аса зор міндеттерді алып отыр» [3].

«Жас Түркістан» («Яш Түркістан») журналында М.Шоқай әр тарапты маңызды мәселелерді қозгайтын мақалаларды жариялад отырды. Қайраткердің мұрагаттағы мақалаларында Ресей үкіметінің отарлау саясаты, қоныстандыру барысы, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерісі, Алаш қозғалысы, Түркістан мұхтарияты, басмашылар қозғалысы, Кенес үкіметінің саясаты, ұлт мәселесі, ашаршылық және т.б. көкейкесті мәселелер қозғалды. Оларды тақырып жағынан былайша саралауға болады [4]:

- жер-су, шаруашылыққа байланысты;
- ұлт мәселесіне байланысты;
- большевиктік іс-әрекеттер туралы;
- өзге ел, мемлекеттер жайлы;
- жекелеген адамдар, қайраткерлер жөнінде;
- халықаралық жағдай туралы.

Осы басылымның беттерінде саяси күрестің от-жалынында шыныққан, өмір жолында сан түрлі, сан мінезді саяси қайраткерлермен жолығып, кейде олардың кейбіреулерімен айтысқа да түскен Мұстафа Шоқайдың саяси тұлғалар туралы айтқан ойлары ете маңызды. Мысалы, белгілі «1936 жыл» деген шығармасында ол: «Жалпы ұлттың мұддесін жеке қожалықтар мен жеке топтардың мұддесінен жоғары қоя білген, өзінің белгілі бір түзімге белгілі бір себептермен қалыптасқан қатынасын, оған тәуелділігін жалпы ұлт мұддесі тұргысына сәйкес, ұлттың жалпы жағдайына үйлесетін түзім жолында қurban ете білген адамдар ғана нағыз ұлттық патриот және ұлтқа пайдалы қызметші бола алады» [5], — деп, өз ойын түйіндейді.

Оның пайымдауынша, саяси тұлғаға аса қажет қасиет — үміт, сенім, иман тәрізді рухани-моральдық факторлармен бірге ғылыми-техникалық білімнің өзара тығыз бірлігі. Женіске жету үшін осы аталған қасиеттермен қатар білім қуаты қажет. Осыларды игеріп қана ұлт азаттығы жолында жұдышықтай жұмылуға болады. Сол сияқты «Біз саяси қайраткерлерді оның ұрандарына қарап емес, іс-қимылдарына қарап бағалаймыз» деген өз сөзіне ұлы қурескердің сонау лицейдегі окушы және Петербордағы студенттік кездері, одан кейінгі саналы да сан салалы, қын да күрделі қурескерлік жолы, кейін жат жерде де қайғы мен қасіретті аз тартпаған, алайда бір сәт толастамаған арпалысқа толы жалынды өмірі бұған бұлтартпас дәлел [6].

Мұстафа Шоқайұлының публицистік қызметі уақыт қойып отырған проблеманы сезіп, біліп, оны дәл кезінде көтере білудің шебер ұлгісі. Құн тәртібіндегі мәселелерді Мұстафа Шоқайұлы баспасөз бетінде көтеруі, ол мәселелердің тоңірегінде қоғамдық пікір туғызып, оған қалың бұқараның назарын аудару жөнінде «Түркістан лениншілдеріне жауап» деген мақаласы дәйекті дәлел бола алады: «Ресейдің және орыстардың «Түркістандағы революциялық басшылығы» мойындау нәтижесінде атамекенімізде көз қарықтарын сүмдіктар көбеюде.

Төменде біз солардың бірнешеуін көрсетіп етеміз:

I. Кеңес өкіметі 1925 жылы Лениннің қайтыс болуына бір жыл толғанын еске түсіру рәсімі кезінде Ташкенттегі өзбектерді тізе бұгіп аза тұтуға мәжбүр етті.

Бұрын-соңды отаршылдық тарихында болып көрмеген орыстардың осы озбырлығына қарсы бірдене айтуға Түркістандағы бірде-бір лениншілдін батылы жетпеді...

II. Большевиктер Сергиополь (Аягөз), Павлодарда (Кереку) қырғыншылық жүргізді. Түркістан-Сібір темір жолы бойында бірнеше жерде түркістандық жұмысшыларды сойылға жықты.

III. Кеңестердің құрылтайлары мен партия комитеттерінің конференциялары сайын ұлы орыс державалығы ашықтан-ашық дәріптелуде» [7].

Өзінің публицистік еңбектерінде Мұстафа большевиктердің өрескел де ерсі іс-қимылдарын әшкереңді. Коммунистердің Лениннің пайғамбарлығы туралы өздерінің надандықтарының салдарынан айқайлад жүргендіктерін сынайды, келемеж етеді. Әрине, күйзеледі де: «Шығыс халықтарының «азаттығы» үшін жаны ашығансып келген және қазір де жаны ашығансып отырған большевиктер біздің әлсіздігімізді пайдаланып, біраз істерді тындырыды. Патшалық Ресейден бөлініп өз алдымен тәуелсіз өмір сүрмек болған Түркістан сынды өлкелерді жылдар бойы қанды соғыстар арқылы қайтадан Мәскеуге тәуелді етіп, ұлы орыс үстемдігін орнатты. Біздер үшін ең қайғылы осы оқиғаларды большевиктер «орыс емес халықтардың азаттығы», «шығыс камқоры» — орыс ұлтының «адамгершілік міндетін» етеуі, пайғамбар Лениннің бодан халықтарға істеген «шапағаты» деп атайды. Мәскеу жарапазаншылары он жылдан бері жарыса жақ жаппай осы туралы айтуда. Мектептерде, клубтарда, кинотеатрларда және қызыл аландарда тек осылар хакында бар дауыспен

ем на явления (влияние, давление, сила, создание условий и др.). Россия и Индия обладают иррационально-динамичной информационной структурой — отображение развития явлений (время, развитие, прогнозы, будущее, предсказания) и эмоциональное активное отношение (эмоции, душевность, чуткость и др.).

Возьмем, к примеру, отдельный город — Уфу (РФ) — рационально-динамичная информационная структура, создание фактов (работа, действия, дело) и отражение состояний явления (социальный комфорт, приятные физические ощущения, материальные ценности), ведущая информация — создание фактов (работа, деятельность, надёжность, продуктивность, план, трудовой ритм, трудовой режим, чёткие технологии), подкрепление — отражение состояний явления (комфорт, заботливость, чистота, порядок, привычные условия комфорта, хорошая физическая форма).

Таким образом, исследуя социальную структуру социальной системы или социальной организации, можно построить и модель её информационной структуры.

Список литературы

1. Шкабура О.В. Понятийный аппарат информационного моделирования. Отчёт от 15.06.2001 г. [Электронный ресурс] // Мемориал [сайт]. URL: <http://ito.edu.ru/2001/ito/I/2-I-2-77.html> (дата обращения 01.12.2011).
2. Виннов А.С., Дорофеева М.П., Ченцова Н.Н. Синергетическая структура информационного взаимодействия // МКО-10. — 2002. — С. 261–265.
3. Абдулганеева Ю.А. Качество социальной информации на российском телевидении: опыт контент-анализа. Отчёт от 30.04.2003 г. [Электронный ресурс] // Мемориал [сайт]. URL: http://www.lomonosov-msu.ru/archive/Lomonosov_2007/17/abdulganeyeva_ua.doc.pdf (дата обращения 01.12.2011).
4. Кравченко А.И. Общество: статика и динамика. — М.: Ин-т эксперимент. социологии, 2006. — 234 с.
5. Волгин В.П. Сен-Симон и сен-симонизм. — М.: Наука, 1961. — 158 с.
6. Зотов А.А. Анализ социализма в творчестве В.Парето (работы 1898–1903 гг.) // Социологические исследования. — 2001. — № 2. — С. 108–116
7. Москва Г. Правящий класс // Социологические исследования. — 1994. — № 10. — С. 187–198
8. Антошкин В.Н. Информационно-коммуникативные технологии управления: Монография. — М.: Медиум, 2004. — 154 с.

А.С.Круль

Типологиялық талдау әлеуметтік жүйенің ақпараттық құрылымының үлгілеу тәсілі ретінде

Мақала әлеуметтік процестерді зерттеудің қажетті әдісі ретінде ақпараттық үлгілеуді ұсынуға арналған. Ақпараттық мәлімдемелердің жіктелуі ұсынылып, осы мәлімдеменің негізінде әлеуметтік процестердің үлгісі құрылады. Кез келген жіктеуді өңдеу кезінде қажетті әлеуметтік процестерге типологиялық талдау жасалған, әлеуметтік шындықты бейнелеу үшін ақпараттық үлгілеу мүмкіндіктері жан-жақты зерттелген.

A.S.Krul

Typological analysis as a way of modeling the information structure of social systems

Article «The typological analysis as a way of modeling of information structure of social systems» is devoted to representation of information modeling as necessary method of studying of social processes. In article classification of reports of information on which basis is presented models of social processes are under construction. The typological analysis of social processes which is necessary by working out of any classification is presented, possibilities of information modeling for display of a social reality are studied.

Б.Е.Қолумбаев, Ф.М.Мұсатаева

E.A.Бекетов атындағы Караганды мемлекеттік университеті

Шығыс мәдениетіндегі жалғыздықтың феномен ретінде қалыптасуы

Макалада жалғыздық феноменің Шығыс мәдениетіндегі, философиясындағы, дініндегі эволюциялық интерпретациясы зерттелген. Автор үнді, қытай, жапон мәдениет философиясындағы жалғыздықтың шынайы дүниетанымдық концепция болып қалыптасуындағы негізгі факторларды айқындаған. Сонымен коса, шығыс моделінің қазіргі заманғы кейбір синкерттік діни-мәдени тенденциялары көлтіріледі. Автор Шығыстың мәдени-философиялық концепциялары мен ілімдердің негізгілерін қарастыра отырып, жалғыздықты философиялық ұғынууда талап ететін феномен мен категория ретінде қарастырудан ғөрі, оның ақиқатқа, табиғатпен, Құдаймен, Абсолютпен үйлесімділікке жеткізетін, ақиқат Жолына салатын әдіс ретінде, өз-өзін тану мен жетілдіру рөлі түрғысында шығандығына қорытынды жасайды.

Кілтті сөздер: философия, шығыс философиясы, жалғыздық түсінігі, адам, бүтіндік, тұтастық, тарихилық бағыт, ұлттық идеология, діни фактор, мәдениет.

Жалғыздық мәселесі ең ежелгі заманнан бастап адам баласы ойшыларының атақтыларын толқытуда және философиялық ойды дамытудағы түбегейлі рөлді ойнады. Әр түрлі кезеңдер мен халықтардың философтары бұл құбылысқа анықтау беруге, оның ерекшеліктерін ретке келтіруге, оны жену жолы мен әдісін тауып немесе оның өмірге қажеттілігі бар екендігін дәлелдеуге тырысты. Жалғыздықтың себептерін ашуға терендей кеткен кей жазушылар мен ақындар шығармашылығында бұл құбылыстың бастауларын іздең табуға, олардың мағынасын түсінуге тырысқан болды. Бірақ олардың шығармаларының қаһармандары жалғыздықты жеңе алмай, көбіне оның құрбаны болып қала берді.

Батыс философиялық дәстүрінде өз тамырымен антика дәүіріне кететін орнықты интерпретация үлгісі бар. Дегенмен, Шығыстың философиясы соншалықты анық болмағанымен, осы феноменді ұғынуға біршама үлес қосты. Шығыс дүниетанымында еуропалық философтарының қызығушылығы әлдеқашан өртеден пайда болды, дегенмен, Еуропа жүз жылдықтардың ішінде «Шығысты өзіндік ерекшеліктерімен қабылдан түсінуге талпынудан қарағанда, оны өзінің меншікті ашылуларын, ұмтылуларын раставу үшін зерттеген» [1]. Сонымен бірге кез келген мәселе төнірегіндегі көзқарастарға батыс дүниетанымымен дәл келе бермейтін Шығыс философиясы басынан бастап әрдайым және осы кезде де әлемге, дүниеге деген өзінің жеке-дара көзқарасы бар, соның ішінде жалғыздық мәселесіне тоқталғанда да. Сайып келгенде, осы феноменге арналған қазіргі философиялық жұмыстардың қөшпілігінде қарастыратында, тек қана Батыс философиясының позициялары мен тарихи жалғыздықтың өткенді шолатын талдауы, бізше, сонша құрделі полисемантикалық құбылыс туралы бүтіндік ұсынысты құрастыруы үшін жеткіліксіз болып табылады. Қазіргі кезде Шығыс және Батыс сияқты философиялық дүниенің қабылдаудағы қоғамалық өзара әрекеттесу мен бір-біріне сіңісу, қазіргі ғылыми және сын әдебиеттерде өз алдына лайықты ықылас көрсетпеген. Жалғыздыққа шығыстық көзқарастың объективтік көрінісінсіз жүйелеп келтіруге болмайды.

Шынын айтқанда, келесіде жан-жақты қарастырылатын шығыстық философияның өзі бүтіндік пен тұтастықты құрамайды, шығыстық философияның тарихилық бағытының өзі көбінесе ұлттық, идеологиялық, саяси, сонымен қоса ең алдымен — діни факторлардан тәуелді болды және оларға сүйене қалыптасты. Осыған байланысты қытай, үнді мен жапон философиясы мен мәдениетінде жалғыздықтың көрініуі әр килем, өз алдына бөлек, әрі жеке көзқарастары бар.

Тиісті философиялық ойдың қалыптасуына ықпал еткен ұлттық, этникалық және діни аспектілердегі ерекшеліктеріне қарай жалғыздық түсінігін талқылаудан бұрын, шығыстық дүниетануының ортақ мінездемесін беру керек. Шығыстық философиялық ойлаудың базистік интенциясы антикалық дүниетанымдағы көріністегідей адам мен әлемнің гармониялық бірлігі секілді, адам мен әлемнің органикалық бірлігі туралы идеясы жатыр. Жалғыздық табиғи емес және адамға табиғатынан тән емес күй ретінде қарастырылған, ол туралы «Жалғыз өмір сүргенше, барлығымен өліп қалған жақсы» деген въетнамның мақалы мысал бола алады [2]. Сонымен бірге

жалғыздық әлеуметтік шындық болып өмір сүрді және ол философиялық оқулардың негізінде өзіндік ұғынуды, өзіне тән қөзқарастарды қалыптастыруды талап етті.

Жалғыздықтың жеке интерпретация үлгілері үнді елінде брахманизм, индуизм және буддизмдерде мәлім болады. Бастапқыда жалғыздық көне үнді қоғамына тән қасиет болып есептелмеді, ойткені ол жанұялық рәсімдермен бейнеленді, мысалы: айбын және ерліктер, сонымен қатар жанұяның жеке мүшесінің теріс қылыштары бүтіндей барлық жанұяға тарап алды. Қаншалықтың көпбасты болмағанымен, жанұя тұтас, әрі бөлініссіз бірліктегі болды. Сонымен бірге бұл үлгі шенберінде — жанұя мен бөтен деп, тапаралық қарсы қоюшылық пайда болды. Бұл әлеуметтік құрылымның қағидасы үнді қоғамын біржолата бөліп, тұтастықты жоғалтып, қасталық әлеуметтік таптарға бөлінуге негіз жасады. Үнділік әлеуметтік құрылыштың діни қағидаларға негізделіп және діннің қойылған шектерімен дамитын болды, сондықтан үнді философиясы да дінмен белгіленген және үнділіктердегі жалпы дүниетанымда дінмен таңбаланған белгілі шекаралық шектеуде ғана дами алды. Осыған байланысты, үнді философиясындағы жалғыздық феноменінде брахманизм, соныра индуизм діндерінің таңбасы анық көрінеді.

Брахманизм болмыс шындығын тек қана біртұтастықта түсінуге болады деп, яғни «шексіз және өзгеріссіз болып табылатын Брахмада, оның ішінде болмыстың көзі мен әлем кіндігі; ал Брахманың сыртында тек қана бос қиял, алдау, адасушылық және барлық тыскары тіршіліктер жеке, дербес мәнділіктен айырылады» деп түсіндірді [3]. Брахманизм философиясына сәйкес адам жаны әлем жанының бір бөлшегі және онымен тәп-тен өмір сүруі керек делинді. Адамның өнегелік және рухани идеалға жетуі Брахмамен қосылу нәтижесінде келеді, ал ол рухани жансыздандыру физикалық жолмен, кез келген тіршілік үшін қажетті заттардан бас тарту және тәнді азаптау арқылы жетістіктерге жеткізілді. Мұндай дүниетану азап арқылы босау сияқты түсініктерді беретін, брахмандар ортасында тақуалықтың құбылысын тудырды.

Бірітінде өмірден оңашалану, тақуалыққа бару басқа қасталарда кеңінен тарапалып кетті. Бұл құбылыстың өзіндік себептері де бар: өмірдің қатал хал-жағдайына қарамастан, кез келген діни нормалар мен тәртіпті бұзы жанының тәмен кастада қайта туылуына алып келуі мүмкін, сондықтан рәсімдер мен үйгарымдар қатаң түрде сакталды. Осыдан әлемге тұнғыбысты, азап шегу мен бейнетке толы, осы өмірден тезірек кетуге ұмтылыс секілді қарау философиялық дүниетаным пайда болды.

Аскетизмнің дүниелік тарихында тақуалықтың кең тарапалуы мен ерекше мән алуы үнді елінде болды, ойткені өз-өзін жансыздандыру ең жоғарғы идеал, құндылық деп есептелінді. Бұған ерекше ұмтылыс қорсету кшатрий ортасында байқалады: брахмандар оқытатында, Құдіретпен бірігу мақсатында олар дүние өмірінен қашуда айқын және нақты мақсаттарын тапты. Тақуаның мәртебесі қарапайым адамдардың көздерінде қасиетті болып көрінді. Үндістердің тақуалық қозғалысы соқыр сенімдер мен тиымдармен шартталған брахманизмге қарсы реакция секілді пайда болды. Тақуалар руханилық үшін өткінші өмірді жойып, өз тәнін азаптаушыларға және тән мен жанының әрекетсіздігі мен өздігімен пайымдауы арқылы тыныштықты іздейтіндер деп екіге бөлінді. Бұл кезеңде дене қабығынан бас тарту негізінде әр түрлі формадағы мистикалық әрекеттер арқылы Абсолютпен бірігүе жеткізеді деп уағыздаган йога мектептері пайда болып, әрі қарай дамыды. Барынша қындылатылған түрдегі азап шегулер өлім жолында ракат пен ляzzаты болғанын қамтамасыз етуі керек және оны іске асырғанда жақсы болашаққа апарады деп есептеді. Тақуа жансыздынудың ең жоғарғы дәрежесінде орманның жанын артта қалдырып, әбден әлсіреп, күшін жоғалтқанша, жерге құлап және өз рухын сыртқа шығармайынша жер бетін кезіп, кезбеке айналуы керек делинген. Тақуа Ману заңына сәйкес өзін өз өмірінен жоғары қоюы керек: «Тазалық құралдарымен жабдықталған тақуа енжар жиналған заттарына немқұрайлы қарап кезіп жүре беруі керек. Жетістік тек жалғыз өзіне ғана байланысты, ол оған жетеді және ол тақуаны тастап кетпейтінін түсініп, табыска кенелу үшін оған жалғыз, серікіз кезуі аблаз. Оған от пен үйдің қажеті жоқ, ол тыныштықты сақтап, барлығына немқұрайлы, ниеті адал, ойларын тұйықталған және жинақы ұстап, ауылға тек тамақтану үшін барып келе алады. Босатылған адамның белсісі — ол балшықтан жасалған тостаған, ағаштың тамыры, жалба-жұлба киім, жалғыздық пен барлығына бірдей немқұрайлы енжар қарау» [4] (VI, 42–44 б.).

Тақуалардың өмір сүру үлгісі әр түрлі болды: бірі әлеммен кез келген байланысуларынан өздерін толық оқшau ұстады; басқалары жалғыздықты басқа дуаналармен ақиқатқа жолы туралы әңгімелермен кезектестірді; үшіншісі жатақхананың қатал қойылған ережелері бар қауымдарымен өмір сүрді. Оңашаланудың әр түрлі формалары мен әдістерінен қарамастан, тақуалардың мақсаты біреу: дүниеден толықтай кол үзіп, мәңгілік азап пен бейнетке душар болу арқылы, адам келесі өмірдегі өзінің рақатын табамын деп сенген. Осы өмірдегі мен о дүниелік өмірдің бақытын табу үшін

адам қунделікті шынайы өмірдегі құбылыстарға өз жанын құштарлықсыз қарауга үйрету керек, осылайша оны келесі қызығушылықтыдан босатады.

Брахманизмың соқыр сенімділігіне барлық адамдарды тен деп санайтын және барлығымызға ортақ, бақытқа жету жолында табыска бірдей етіп алып келетін, ерекше жауап ретінде табылған буддизм болды. Эйтсе де, брахманизмың бастапқы түрлерінің бірі болып саналғанымен, буддизм философиялық ұстаным мен қағидалардың бірнеше жекелендірілген қатарларын алғы шыгарды, сонымен қоса жалғыздық түсінігіне де анықталған мінездеме бере алды.

Буддизмде жалғыздық туралы екі ұсныс қатар өмір сүреді: нирванаға жетудегі процесс ретінде ырындағы жалғыздық және күй ретінде жалғыздық. Буддизмның негізін адамның қоршаған әлемнен ажырамассыздығы туралы қарама-қарсы қағидамен үйлесімді ырындағы, адамның толықтай абсолютті өзін-өзі билеу және қоршаған шынайы ортадан босатылуна қажеттілігі құрайды.

Басында айтылып кеткен қағидалардан, барлық байланыс, қарым-қатынас пен әлеуметтендіру құбылысы тек керағарлықты енгізеді, сондықтан қоғамнан алшақ журу керек деген ережелер шығады. Сыртқы факторлардан мұлтікіз бас тарту мен өзіне-өзі үнілу қүйі барлық ниеттер мен құмарлықтарды басады, осылайша босау, нирванаға жетеді. Нирвана бұл мәңгі шыр айналған дүниеден өзін құтқаруы, яғни бейнеттер әлемінен құтқару. Бұл кез келген сыртқы фактордан қол үзу медитация арқылы жүзеге асырылып, тәннің толықтай аластатушылық қүйі мен жалғыздықты сезіну. Медитацияның нәтижесі, оның сезімдік пен зерделіліктің таным формаларын сыртқы мен ішкісіне бөлмей болмысты бүтіндей уайымдау, қайғыру процесsei.

Буддизмның бірінші қағидасы адам мен әлемнің ажырамассыздығында, адам мен табиғаттың үйлесімділігіндегі субъект пен объект, адам мен космос, адам мен қоғам арасындағы конфликтілік көріністің қарама-қайшылығын анық көрсеткен. Осылайша буддизмдегі әлеуметтенуден бас тартушылық адам мен қоғам арасындағы конфликтінің салдарынан пайда болған жоқ, ол, керісінше, ерікті түрде қоршаған орта мен қоршаған адамдардан бас тарту, қоршаған дүниені жетілдіру процесінен өзін өзінде өткізу.

Бұл буддизмнің жалғыздықтың ұғынуындағы бір ғана дихотомиялары емес: бір қызығы, «Будданың қүйіне онашалану мен жалғыздық арқылы жетеді, бірақ сіз Будда болған кезініңден бастап, ендігіде жалғыз бола алмайсыз. Барлық уақыт пен кеңістіктің жаны мен жәндіктері әрқашан көмек пен алғысты құрайды» [5; 139].

Аскетизм мен тақуалық бұл брахманизм мен индуизмге тән болып келген әлемнен кетудің бір тәсілі. Будда ауыртпалық туғызатын өздігінен азаптану мүлдем пайдасты, мәртсіздік пен мақсатсыздық екендігіне көзі жеткізеді. Бұл құштарлықтарды макұлдау секілді, әлемнен кету жолында әлсіздік пен бөгелу ретінде қабылданды. Буддизм бұл екі шеткіліктерден құтылуының орта жолын табады: денені төзімділік арқылы тазарту, бой ұснып көну арқылы сананы жетілдіру және тұрақты шоғырланған ойлаулармен жалғыздық арқылы жүректі қүшейту, сабыр сақтауды үйрету. «Будданың дхармасы — кең жолмен тен, бірақ оны ешкім пайдаланбайды. Жанды тіршілік иесі бола тұра, дәл осылай барлығы әрекетке барғандығынан, сіз де олар сияқты тар көшелерді ұстанасыз. Сіздің басқа адамдардың сыртқы келбетінен жұбаныш табасыз. Сіз кең жолда көп адамдарды кездестірмейсіз, өзініздің белгіленген жерінізге дейін, Будда қүйіне дейін жеткенде, сіз жалғыздықта қаласыз. Сіздің қасыңызда көмектесе алар досыңыз да, не ұрысып қалатын жауыңыз да болмайды. Будданың қүйіне жеткізер жол осыншалық жалғыз» [5; 140].

Кейінгі ғасырларда Будданың насиҳат ілімін бұрмалап, оған барлық атрибуттар мен канондарымен дін дәрежесіне дейін көтеріп мәртебе беруі, сонымен қоса буддизмді екі ірі формаларға бөлінуі — солтүстік (махаяна) және онтүстік (хинаяна немесе тхеравада) буддизм — буддизмнің жалғыздық феноменің алғашқы көрінісін бұрмалануына алғып келді. Бұл шығыс қоғамында жалғыздықтың ұғынуының синкретикалық формаларының пайда болынуна ықпал етті: дзен буддизмі мен Жапониядағы синтоизмының тармақтарының тоғысқан жері немесе буддизмдік көріністегі Қытай конфуциан ілімі мен даоистік дүниетаным комбинациясының негіздері қалыптасты.

Ұлы мәдени орталықтардың қатарында тұрған, Қытай философиясының әлем суреті әр түрлі өзіндік жағдайымен шартталған: «Қытай секілді бірде-бір ел мұндай дәрежеде өркениет әлемнен үзілмеген еді. Басқа өркениеттермен қарым-қатынасы откінші және кездейсөк болды, ал олар Қытай тарихына болмашы ғана ықпалын тигізді» [6; 71]. Қытай философиялық дәстүрі үнділікпен салыстырғанда жалғыздық феноменіне ерекше мән беріп, түсіндіруге тырысты. Терендей қалыптасқан қытай көзкарасында ең бастысы қоғамды «бүтін» ретінде қарау. Адам қоғамның кішкентай бөлшегі ретінде саналып, одан тек соған бағынышты болуын талап етті.

Қытай философияның «алтын ғасыры» б.з.д. VI ғасырдан III ғасырга дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл кездері конфуций ілімі, даосизм, моизм және тағы басқа көптеген философиялық ағымдар пайда болды. Қытай философиясының ең бастапқы екі ағымдарының негізін салушылары — Конфуций мен Лао-цзы — өздерінің ілімдеріне индивидуалды мінез-құлықтың өлшеуші ретіндегі жол болып саналған «Дао» категориясын енгізді.

Дао ілімінің бастауы болып саналатын «Дао дэ цзин» трактатында Дао екі негізгі түргыда бейнеленген:

- жалғыз, барлығынан бөлінген, тұрақты, іс-әрекетсіз, тыныштықта болатын, қабылдауға қол жетпейтін және ауызша-ұғымдық қабылдауга мүмкін емес, атаусыз, бейболмысты жаратушы, Аспан мен Жерге бастау беретін;
- барлығын қамти алатын, барлығын толғандыратын, әлеммен бірге өзгеретін, қабылдау мен тануға мүмкіндік беретін, болмысты тудыратын [7].

Лао-цзы ілімі бойынша, Жоғарғы Бастауды түсіну — бұл зерттеу де, сыртқы бақылау да емес. Даны Даоны үйден шықпай-ақ, әлеммен және «басқаларымен» жанааспай, қатынаспай тани алады. Ол нағыз Даомен іштей, өзіне-өзі үңіліп, рухани тазару арқылы таныса алады. Дао жолымен жүретін адам мәңгі тыныштықты тауып алуын қүтеді. Даомен табысып, онымен рухани біріккен адам дүниелік ниеттерден өзін жоғары ұстап, ішкі жанында тыныштықты сактай отырып, барлығының үстінен биік көрінеді. Бұл — оның құдіреттілігі. Демек, «адам онашаланып және мансаптан бас тартып өмір сүруі керек» [8].

Адамзатың барлығы бақытсыз, себебі Даоның табиги заңын өздерінің ойдан шығарғандарымен алмастырып алғып, Ақиқаттан кетіп қалады. Доага жету жолында «Лао-цзының артынан ерген кейбіреулері тауға кетіп, онда пайымдау мен үнсіздікке шомып, сонда өмір сүрді. Олар ешбір қозғалыссыз жартастардың арасында отырды, олардың беттерін жаңбыр жуып, шаштарын жел тарады. Олардың қолдары тәндерінде өсіп кеткен шөп пен гүлдермен ораулы болып, кеуделерінде тыныштық тапты» [6; 63].

Лао-цзы ілімінің ізбасары Чжуан Чжоу өзінің «Чжуан-цзы» кітабында адам тіршілігінің соңғы мақсаты субъективті рухтың абсолютті еркіндік алуында, яғни «қамсыз кезу» дәрежесіне жету. «Чжуан-цзы» көзқарасы бойынша, адамдардың азаптануы мен «бостандықты» жоғалтуы қыншылықтырдан пайда болды, себебі олар екі қарама-қайшы айырмашылық болып табылатын шынайы өмірде тіршілік ететін ақықат пен жалғанды, жоғарғы мен төменге өту немесе керісінше дүниелер, бай мен кедей жағдайындағы өзгерістер, өмір мен өлім, бақыт пен бейнет т.б. шектеу қоюға бағыттайды. Осы арқылы адамдар өздеріне тіреу іздейді, бір нәрсеге үміттенеді және қандайда бір табыстарға жетеді.

Басқа адамдар мен дүниеден толық босанғанда адам әлемнің ақықат пен жалған көріністерінен, ниеттерінен, сезімдер мен ойларынан арылады. Демек, ештеңеге ауысады және ақықат пен жалған түсініктерімен байланысты шынайы өмірдегі қайшылық пен айырмашылықтардан арылады, қоғамдағы жоғары мен төмен жағдайымен, байлық пен кедейшілік, өмір мен өлім ұғымдарынан босайды, яғни барлық заттар мен «Мен» бір бірлікті, бүтіндікті құрайтын күйге жетеді. Осылайша, барлығына мәлім «бірденені қутуді» талап ететін шынайы өмірден «ешнәрсе жоқ елге» және «ешқандай қутуді» талап етпейтін жерге ауысуга мүмкіндік туады, абсолютті рухани бостандықты табуга болады [9]. Дао данасы тек тыныштық пен жалғыздықты іздейді, бірақ барлық әлемді және өмірлік дүниеден, қажеттіліктерден бас тартқан, одан айналған адамдарды өзіне сиғыза алады.

Егер даосизм табиғилықтың артынан еру идеясын алдыға ұсынса, конфуций ілімінде басты орынға адам өміріндегі ішкі мен сыртқы байланыстарының этикалық теориясы алдыға шықты. Конфуцийді діннің негізін қалаушы ретінде санауға болмайды, оның дүниетанымында дінге арналған сұрақтары өте аз орынды алған болатын. Конфуций ілімі көбіне философиялық, этикалық мінезді көрсетті. Оның ілімі жалғыздық мәселеісіне аз көңіл бөлінген, себебі, Конфуцийдің айтудынша, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынас белгілі бір нормалармен ретке келтіріліп тұруы қажет, кішінің үлкенге және басшыға мұлтіксіз бағыну ережелерімен шартталады. Адам қоғамның ажырамас бөлігі, ол өзінің іс-әрекетінде, мінез-құлығында құрделі этикалық коплекстермен белгіленген тәртіпке бағыну керек. Егер адам қоғам мен Аспан алдында белгіленген міндеттерін атқармаса, қабылданған рәсімдерді ұстанбай, жоғарғыларға қажетті құрмет көрсетпей, кішілерге әділестіз болса, она Аспанның қасиетті билігі жазалайды. Аспан бүтіндей барлық мемлекетке қаратунекті жіберіп жаза қолданады. Сондықтан, қоғамның әрбір мүшесі белгіленген парызын біліп, жүйеге қарай өз орнын біліп және одан ағып шығатын міндеттерді орындауы қажет.

Конфуций үшін жалғыздықты рақымшылдардың жоқтығымен байланыстырады: «Рақымшыл адам жалғыз болып қала бермейді, онда міндетті түрде (рухы жағынан) жақын адамдар пайда болады» [10; 333]. Конфуцишылдық моральдың көпшілік алдында болғандығын қалады: «Өзіңе қаламайтынынды басқа адамдарға да жасама, сонда саған жанұя мен мемлекетте жауыздықпен, жек көрушілікпен қарайды» [10; 38]. Барлық рәсімдерді ұстану, салт-дәстүрлерді орындау, рақымшыл болу және басқалармен қоғамның іглігі үшін өмір сұру — конфуций ілімі бойынша Даоның артынан еру. Конфуций үшін Дао түсінігі Лао-цзыдікіндей емес: егер адам Даоны менгерсе, ол өзінің құдайдың белгіленгенін орындағы деп, ол Дұрыс жолға синоним ретінде қарастырды. Егер адам өзін жалғыз сезінсе — бұл оның Даоның артынан ермегендігін білдіреді: «Өзінің еркін нығайту үшін кейбір адамдар оңашалықта өмір сүреді, өзінің ілімін тарату үшін, парызымен сәйкес біліп жасайды. Мен бұл сөздерді естідім, бірақ ондай адамдарды көрmedім» [10; 423].

Қытай мәдениеттінде жалғыздық мәселесіне философиялық және діни дүниетануға қараганда, поэзиядағы ықыласы анағұрлым көбірек байқалады. Қытай ақындық мектептің жарқын өкілдері Ли Бо, Ду Фу мен Ван Вэй шығармашылықтарында жалғыздық мәселесі басты орын алған. Сол кезеңдегі қытай поэзиясында табиғатта шынайылықтың жоғарғы белгісі, заттардың жоғарғы мәні ретінде қарады. Ақынның табиғатпен бірігуі, табиғатты сүйсінуі, оны зерттеуі, тануы, ақынның адамдармен қарым-қатынаста жете алмайтын, табиғат арқылы жоғарғы ақиқатқа жеткендігімен теңестірілді. Сондықтан ол барлығынан, адамдардан шеттеліп, табиғатпен гармонияға жету үшін оңашаланды. Ақын-такуа адамдардың арасында да үнсіздікте қала береді. Дін мен философиялық дәстүр бойынша, ақын — Даоны шынайы түрде ұстанушы. Ол фәни өмірдің барлық белгілерінен бас тартты, сондықтан ол әрқашан жалғыздықта [11; 94].

Жапон философиялық поэзиясы қытай философиялық поэзиясындағы адамның жалғыздық күйін түсіндіруде ұқсас болды. Тұған жерлерден, дос-жарандардан, туған-туыстарынан, сүйгендерінен бөлектену, адамның денесінің кеңістікте орын ауыстыруы ретінде, ақынның рухани мәртебесінің өзгеруіне және лирикалық драматизмің көзі ретіндегі қызметін атқарады. Жалғыздық пен оңашалану ақындық сезімінің пайда болуының басты негізі, осыдан келіп материалды және эмоционалды қажеттіліктерден босатуға жеткізеді. Демек, жалғыздыққа талпыныс, бұл әлеммен үйлесімділікті жоғалтқан күйді қайта қайтарудың жолы.

Жапон философиясы діни, философия-этикалық және мәдени дүниетанымның синкретизмін көрсетті, ол дзэн-буддизм, синтоизм, конфуцишылық және даосизмнің қырларын өзіне сіңістіре отырып, жапондық философиялық дүниетанымның қалыптасуына тікелей әсерін тигізді. Жапониядағы діни формаларының кең таралғандары бірі махаяна тармағына жататын, буддизмнің қарапайым формасына кіретін, бірақ бастапқы ерте буддизммен ұқсастығы кемде-кем келетін дзэн-буддизм: «оның теориялық түрдегі доктринасы алыпсатарлық мистицизм түрінде көрініп қалуы мүмкін, бірақ оның шынайы мағынасын тек ұзак жаттығу арқылы осы жолда кемелденген адамдар, тек шындығына жеткен көзі ашықтар ғана түсіне алады» [8; 256]. Жапондық дзэн-буддизм — бұл қытайлық чань-буддизмнің бейімделген формасы. Жапон философиясының тарихында тек дзэн-буддизмде ғана жалғыздық феноменінің негізгі түсініктемелері қарастырылған. Чандық рәсімге сәйкес, аты аңызға айналған Қытайға чань-буддизм ілімін алғып келген буддалық патриарх Бодхидхарма он жыл аралығында жалғыздықта өмір сүріп, тыныштық күйінде тас үңгірдің қабырғасын зерделеп, отырмалы медитациямен айналысқан [12]. Толықтай жалғыздықтағы медитацияда праджаның (жоғарғы реттіліктің ұғымы) жемісі болып табылатын, «өзін көруді аңсайтын және өзімен-өзі болатын, ерікпен қайта туылған, кемелденуге жетуғе болады. Сондықтан болар, Будда өзінің жеке тәжірибе қажеттілігінің керектігін айтады, сонымен қоса жетістікке жету жолының бірі жалғыздықтағы медитацияға кеңес берді» [11; 59]. Бұл жердегі жалғыздық буддалық мағынасында «байлаусыздық және керемет жоспарсыз қымыл-әрекетте өзімен-өзі болып жатқандығын көру қабілеттілігі. Осы күймен терең, шексіз сезімдер байланысқан» [13], дзэн-буддистің алатын сатори (жапондық Нирвана ұғымымен сәйкес) болып табылатын, кемелденудің жоғарғы дәрежесі ретінде айтылып кеткен.

Конфуциандық және синтоизм доктораларында негізделген дзэн діні тәжірибесі жапон ұлтының рухының бастапқы қырларында табылатын, оның философиясы мен мәдениетінде сіңіспін кеткен, жауынгер — бусидоның абырай кодексінің пайда болуы үшін идеяның қайнар көзі болды. Конфуциандық бусидоның адамгершілік-әдептің негізі болды; буддизм бусидоның қолдаушыларын өлімге деген немісрайлылықты тәрбиеледі; дегенмен, бусидоның шынайы негізі жапондықтардың жапон ұлтына тиістілігінің ерекше сезімін тудыратын табиғат пен ата-баба рәсімдерінің синтоизміне

жақындастырылған. Синтоизмнің ар-ұжданы өзін-өзі тануға, өзінің ішкі жан дүниене үніліп және соның ішіндегі құдіреттілікті (камі) сезінуге негізделген. Синтоизм бойынша, адам сол құдірттің әміріне құлақ асуы керек, өйткені ол ата-ана мен барлық ата-бабалардың ұрпактан ұрпаққа берілетін міндеті, әрбір жапондық өзінің өмірімен оған жауапты. Сонымен бірге дзэн-буддизм таңқаларлықтай әлемге «байланғандығынан» босатылу керектігін үйретеді және жақсылық пен жамандықты айыра білмеуге итермелейді, осылайша әлеуметтік-этикалық безушілікке алып келген.

Моральдік және онтологиялық қозқарастардың бұл құрделі жиынтығы жапон мәдениетіндегі жалғыздықтың феноменінің философиялық ұғынуын жетілдіріп шығарды. Жауынгердің бар өмірі құрес пен өзін-өзі жетілдіруден тұрды, себебі самурай болғандықтан — бұл тұлғаның бір түрі, өмір салты, қоршаған нақтылықпен қарым-қатынасы мен оған тигізер әсері. Бусидоны қолдаушы өзінің жеке «Мені» жоқ адам болуы қажет, өзінің «Менің» жоюға ұмтылатын, жоғарғы реттілікке бағынған адам болуы қажет. Адалдық және мырзаның кез келген бұйрығын орындауға дайындық, самурай үшін анықтайдын сапа болып есептелді: оның өмірі мен өлімі абырой заңы мен самурай парызына бағынышты, кәдімгі адамның сезімі ол үшін ешқандай да мән бермеді. Самурайлардың философиялық дүниетанымы көшілігінде қытай ақындардың әлем туралы ұғымдарымен ұқсас: жауынгер бұл әлемде жалғыз, ол қызмет етуді қажет ететін мырза және оған қызмет парызыға белгіленген, жалғыздық ойлануға, өзін-өзі тануға және осы әлемнен қол үзуге мүмкіндік береді. Осыдан — самурай философиясындағы өмірге деген жек көрушілік пен өлімнен қорку сезімінің жоқтығы пайда болады. Сондықтан «...Самурай жолы — бұл өлім. Егер сен әрбір құні танертең мен әрбір кеш сайын өз-өзінді өлімге дайындаң және сенің денең өлген тәрізді өмір сүрсөн, сен нағыз шынайы самурай атанасың» [14].

Шығыс философиясының дәстүрлілігі мен кей қатаңдығы ғасырдың сонында өктемдік жүргізген батыс философиялық ойлармен бұлған бастады. Осыдан әлемге шығыстың ұжымдық қөрінісі мен батыстың индивидуалистік философиясы араласып кеткен қозқарастар қалыптасты. XX ғасырда шығыс философиясы ойларының нақтылы бағыттарында, соның ішінде буддалық және индуистік философияның дәстүрлі қозқарастарын бүрмалаған кей сектанттық ағымдар мен мектептер жалғыздық туралы ұғымдарды өзгерти.

Батыс философиялық ойлардың шығыс халықтарының санасына енуі синкреттік философиялық қозқарастардың пайда болуына алып келді. Олардың бірі Ошо ілімі саналды. Бхагаван Шри Раджниш буддизм негізінде өзінің жаңа философиялық ілімін жасап, ортодоксалды діндермен салыстыра отырып, ежелден келе жатқан дәстүрлі нағымдарға құмән келтіре бастады. Ол адамдар қарым-қатынасына, адамның әлемдегі орны мен қызметіне, тіпті жалғыздық феноменіне де жаңаша ойпікірлер, қозқарастар қалыптастырыды.

Ол жалғыздықтың екі түрін дәлдеп көрсетті: loneliness («жалғыздық» жетімсіреушілік мағынасында) және aloneness («жалғыздық» жеткіліктілік мағынасында). Жетімсіреушілік мағынасындағы жалғыздық — бұл адамның осы уақыттағы басқалармен қарым-қатынас жасауды аңсап тұрғанда, оның олармен байланысын үзіп алуы, өзінің керексіз және тастанды сезімі түсінігіндегі негативті қүйі. Ал жалғыздық жеткіліктілік мағынасында — бұл өздігімен өрекет жасауға деген позитивті дайындығы, өзінің күшіне сеніп, жеке басымен ойлануы. «Өзімен-өзі болуына қуануы. Бұл өзінің меншік кеңістігін, өз ғаламын болғандығына қуануы» [15].

Ошоның ойынша, абсолютті жалғыздық этоның өліміне, өзіндік «Меннің» жоюлуына алып келеді, себебі это жалғыздықта үнемі бола алмайды. Жалғыздықта қалу үшін жеткілікті ерліктиң бар болуы, адамның «әгосызы» қүйіне жеткізеді. Өзінің ішінде этоны жою арқылы адам көп қасиеттерді менгерген тұқым сияқты болады, оның есіп-өнүі үшін тұқымның жарылуы қажет: «Эго — бұл тұқым, потенциалдық мүмкіндік. Егер ол жарылса, құдіретті зат туады. Бұл құдірет не «менікі», не «сенікі» болып есептелмейді, ол біртұтас нәрсе. Демек, жалғыздық арқылы сіз біртұтастықа келесіз» [16].

Жалғыздықтың мәселесіне өз жауабын ұсынатын тағы бір шығыс сектанттық ілімі — бұл Алкион ілімі. Осы ілімнің негізін салған Джидду Кришнамурти жалғыздықты алдындағыдай екі түрге бөлген: сыртқы және ішкі. Бірінші түрі — адамның ақиқатқа жылдамырақ және жеңіл жолмен жету үшін жамылатын, жалғыздықтың тек болмашыға көрінісі, қабығы. Кришнамурти бірінші түрді қабыл алмайды, себебі адам ақиқатты аскетизм мен оңашалану арқылы біле алады. «Азап көрген, кез келген дүниеліктен, қарбаластан безетін, сыртқы әлемнен бас тартқан ақыл, қанша жерден ұзак үықыт іздеменгенімен, ол тек өзінің бүрмалануына сәйкес келетінінға табады». Ол адамның ақиқатқа жету жолында сүйемелдеп жүретін мәртебелі адамдардарды да мойындағайты. Себебі адам мұндай мәртебелілерсіз жалғыздықтың екінші, өз-өзін табу мен өзін тану ретіндегі түрін іздей алады.

«Сіз кез келген біреудің ізбасары болып есептелмегенізде, сіз өзініздің жалғыздығыныңды өткір сезінесіз. Жалғыздан жалғыз болыңыз. Сіз неліктен жалғыз болуға қорқасыз? Себебі сіз өзінізben бетпе-беп кездесеңіз, өзініздің кім екендігінізді толық біле бастайсыз. Аяғына келгенде өзініздің бос, түкке тұрмайтын, макұлық, зердесіз, үрей мен кінә сезімдері басқан, дәүлетсіз, уақытша тіршілік ететін, «екінші қолдан жасалған» жасанды екендігінізді түсінесіз» [17; 13]. Мәртебеден бас тарту, рәсімдер мен дөгмалардан бас тартушылық шынайы жалғыздықта болуды білдіреді, яғни қоғаммен әрқашан дауда болу, адам тек осындай жағдайда ғана шексіз, өлшеусіз нақтылыққа жақындаі алады.

Шығыстық мәдени, діни-философиялық концепциялары мен ілімдердің негізгілерін қарастыра отырып, біз жалғыздықты философиялық ұғынуды талап ететін феномен мен категория ретінде қарастырудан ғөрі, оның ақиқатқа, табиғатпен, Құдаймен, Абсолютпен үйлесімділікке жеткізетін, ақиқат Жолына салатын әдіс ретінде, өз-өзі тану мен жетілдіру рөлі тұрғысында шығатындығына көз жеткіздік. Сонымен қоса XX ғасырда шығыстық діни-философиялық көзқарастардың дәстүрлі негіздерінде пайда бола бастаған жаңа ілімдер мессиандық пен жеке басты құтқару идеясын алдыға шығарды. Бірак олар мұлдем басқа дүниетанымдық қағидаларға сүйенді және бұл индустріалды мен постиндустриалды дәүірлердің даму қарқының жылдамдатып, шығыс әлеміне батыстық көзқарастың едәуір ықпал жасауына итермеледі. Осының салдарынан шығыстың дәстүрлі діндері адам мәселесіне қатысты мәселелерге жауап берे алмай, адамдардың жүргегіне өртөңгі күнге деген сенімсіздік пен жалғыздық сезімін үялатты.

Әдебиеттер тізімі

1. Торчинов Е.А. Беззаботное скитание в мире сокровенного и таинственного. М.Хайдеггер и даосизм // Религия и традиционная культура: Сб. науч. тр. — СПб.: Изд-во ГМИР, 2000. — С. 74–90.
2. Боров Т. Мъдростта на вековете: Мисли, афоризми, крилати изречения и народни мъдрости от 30 столетия. — София: Наука и изкуство, 1971. — С. 463.
3. Карягин К.М. Сакия-Муни (Будда). Его жизнь и философская деятельность / Репринт. изд. — СПб.: Типографія П.П.Сойкина, 1897. — С. 17.
4. Законы Ману. — М.: ЭКСМО — ПРЕСС, 2002. — С. 98.
5. Шэн-янь. Поэзия просветления. Поэмы древних чаньских мастеров. — СПб.: Дхарма центр, 2000. — 355 с.
6. Лао-цзы. Дао дэ цзин. — СПб.: Азбука, 2000. — 186 с.
7. Мень А.В. История религии: В поисках Пути, Истины и Жизни: В 7 т. — Т. 3: У врат Молчания: Духовная жизнь Китая и Индии в середине первого тысячелетия до нашей эры // http://lib.ru/HRISTIAN/MEN/3__tom.txt (06.11.2011)
8. Сыма Цянь. Избранное. — М.: ГИХЛ, 1956. — С. 57.
9. Чжусан-цзы. Даосские каноны. — М.: Астрель, 2002. — С. 134.
10. Переломов А.С. Конфуций: «Лунь юй». — М.: Вост. лит, 1998. — 588 с.
11. Ли Бо, Ду Фу. Избранная поэзия. — М.: Детская литература, 1987. — С. 271.
12. Абаев Н.В. Чань-буддизм и культура психической деятельности в средневековом Китае. — Новосибирск: Наука, 1983. — 128 с.
13. Уотс Аллан В. Путь Дзэн. — Киев: София, 1993. — С. 91–92.
14. Ямamoto Цунэтомо. Хагакурэ // Книга самурая: Юдзан Дайдодзи. Будосесинсю. Ямamoto Цунэтомо. Хагакурэ. Юкио Мисима. Хагакурэ Нюмон. — СПб.: Евразия, 2005. — С. 91–264.
15. Ошо. Любовь. Свобода. Одиночество // <http://www.koob.ru/books/osho/love-freedom-aloneness.rar> (20.11.2011)
16. Кришнамурти Дж. Свобода от известного. — Киев: София, 1991. — 88 с.

Б.Е.Колумбаев, Ф.М.Мусатаева

Формирование одиночества как феномена в культуре Востока

В статье исследована эволюция интерпретации феномена одиночества в философии, религии и культуре Востока. Выявляются основные факторы, способствующие становлению оригинальной мировоззренческой концепции одиночества в индийской, китайской и японской философии культуры, также некоторые тенденции современной синcretической религиозно-философской восточной модели. Авторы, рассмотрев основные восточные культурно-философские концепции и учения, приходят к выводу, что в них одиночество не столько является феноменом и категорией, требующей философского осмыслиения, сколько выступает в роли средства постижения истины и достижения единения с природой, Богом, Абсолютом, способом вступления на Путь к истине посредством самопознания и самосовершенствования.

B.E.Kolumbaev, F.M.Musataeva

Formation of solitude as a phenomenon in the culture of the East

In the article the evolution of interpretation of the phenomenon of loneliness is investigational in philosophy, religion and culture of East. An author exposes basic factors assisting becoming of original world view conception of loneliness in Indian, to Chinese and Japanese philosophy of culture. As well as some tendencies of modern syncretic religious-philosophical east model. Author considering basic east in a civilized manner-philosophical conceptions and manoeuvres, comes to the conclusion, that for them loneliness not so much is the phenomenon and category requiring a philosophical comprehension, how many plays role of means of understanding of truth and achievement of unity with nature, God, the Absolute, by the method of entry on Way to truth, by means of self-knowledge and self-perfection.

ӘОЖ 008+32

Б.Е.Қолумбаев, А.Е.Садвақасова

Е.А.Бекетов атындағы Қараганды мемлекеттік университеті

Тіл мәдениеті және саясат

В данной статье рассматривается проблема языка, который является средством развития культуры, общения и справедливо признается основой развития нации во всем течении ее истории. Авторы утверждают, что несмотря на требование принятого закона «казахский язык — государственный язык», в обществе, не действует его механизм, особенно среди молодежи — казахский язык все же остается на втором уровне. Авторы статьи также рассуждают на тему — насколько близка нашему обществу идея о «трехъязычии».

This article regards the problem of language, which is a tool for cultural development and the development of communication, is rightly regarded as the basis for the development of the nation throughout the course of its history. In spite of the requirements of the law of the Kazakh language is a State language, we have said that Russian language international language. There is no requirement in the society; there is no mechanism of the law accepted by us. Especially among the youth, the Kazakh language is still at the second level. And there is a big problem about how our society the same with the idea of the President about third languages. We must understand that the level of the culture of language and its study is reflected in the activities of the society.

Тәуелсіз қазак елі әлемдегі аса дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуға үмтүлуда. Ал сол дамыған, өркениетті елдердің қатарына қандай құндылығымызben барамыз деген мәселе туындайды. Ұлттық салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, ана тілімізді Батыс мәдениетіне айырбастап, дамыған елдердің қатарына қосыламыз деу бос әурешілік. Қашанда өз тілін менсінбейтін «Мен қазақпын» деп айтуға намыстанатын жастардан коркуымыз керек. Өз ұлтын қадірлемейтін — нағыз мәдениетсіздер. Ал мәдениетті жоғары біліммен өлшеуге есте болмайтынын әлдеқашан үгатын кез болды. Қолында дипломы бар, бірақ мәдениеті төмен деңгейдегі жастар қаншама! Оларды «надандығын қағаз жүзінде бекітіп алғандар» деп айтуға болады. Мәдениет ұлттық байлық пен ұлттық идеяға тікелей

байланысты. Ол рухани байлықтың бір белгісі. Әрбір адамның жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі, киім киісі, істеген ісі — бәрі де оның жеке басының мәдениетін көрсетеді. Тіл мәдениетіне тәрбиелеу сөз мәдениеті негіздері және тіл туралы жан-жақты ұғым беруден басталады. Сөз әдебі, әдетте, ауызша сөйлеу тілі мәдениетімен тұтастықта танылатындықтан, адамның айналасындағылармен табыса білінің құпиясы қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық және іскерлік секілді түрлерімен сабактастық сарапанды. Ал тіл мәдениеті — ана тілін білу. Өкінішке қарай, қазір кейбір жастан ана тілін білмегенге ұялмайды, керісінше, ағылшын тілін білгеніне ғана мәз. Мұның өзі мәдениетсіздіктің белгісі деуге әбден болады. Ішкілым заманнан мәдениетімен танылған қазақ халқының бүгінгі жаппай сауатты жас ұрпағы мәдениетсіз дегенге сену қын. Рухани бай, ұлттық тәрбиемізді бойына жинақтаған адам ғана жоғары мәдениет иесі болып табылады. Мәдениет — дүниемен өлшенбейтін рухани байлық. Қоғамдағы мәдениетке жеткізетін, қоғамдық ой-сананы біккө көтеретін, қуатты да құдіретті ана тілі — қазақ тілін біз өз деңгейінде қолданысқа енгізіп келеміз бе? Дәл қазіргі үақытта қазақ елі жаһандану дәүіріне қадам басып келеді. Яғни, соңғы жылдары елімізде шетелдік фирмалармен алыс-беріс жасап, ынтымақтаса жұмыс істей кебейді. Нарықтық экономиканың халықаралық деңгейдегі сауда-делдалдық, көлік, қаржыландыру мен кредиттеу, жарнамалық қызмет, халықаралық көрмелер, аукциондар, халықаралық экономикалық қатынастар, тағы басқа алуан түрлі салалар жұмысын күштейтті. Демек, дәл осы үақытта өркендерген елде тіліміздің құрылымы мен жүйесі дами түсіп, аса күрделі құбылыстарды дәл бейнелейтін қабілеті арта береді [1].

Тіл байлығы — сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық — ой байлығы, сол сөздерді қилюластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуде. Себебі сөзді көп біліп, бірақ оны орынды, ойлы, образды жұмсай алмасан, одан не пайда? Ал сөзге көп магына сыйғызып, әр сөздің парын, мән-мазмұнын, стильтік бояуын дөп басып беру ойлау қабілетімен, оның шығармашылық сипатымен ұштасып жатады. Ал ой байлығына жету үшін тіл дамуының кешегісі мен бүгінгісін, лексикалық қабаттын баю, толығу жолдарын, тілде пайда болған жаңа құбылыстардың өміршендігін, бір сөзben айтқанда, тілдің ішкі, сыртқы мүмкіншілігін жақсы менгеріп, оған қамқорлықпен, жанашыр көзben қадағалап отыру керек. Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі — тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегенде, ойымыздың, сөзіміздің бөтен, бөгде элементтермен шұбарланбауын талап етеміз. Эрине, бөтен тілден сөз алмай, таза ана тілі материалының негізінде ғана өмір суретін әдеби тіл деген болмайды. Қөркем шығарманы, сондай-ақ әдеби нормадан ешбір ауытқымай, бөтен тілдік элементтерді қоспай, сірестіріп, «таза әдеби» тілде де жаза беруге болмайды. Өйткені, қөркемсөз шеберлері оқырмандарына өмірдің өзі қотерген саласын жан-жақты қөрсету, олардың дүниетанымын, эстетикалық талғамын арттыру мақсатын көздейді. Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен де байқалды. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», — деп ұлы Абай тегін айтпаған. Ана тілінің мол байлығын игерген, құдіретіне түсінген, қүшіне тағзым етіп, бас иген адам өзіне де, өзгеге де талап қоя алады, сөзді қалай болса солай қолдануға жол бермейді. Сөз мәдениеті мен өз мәдениетін қатар ұстап, екеуін бірге әлпештеп, қамқор болса, ана тіліне деген сүйіспеншілігі арта түсери даусыз [2].

Тілсіз рухани мәдениет те біккө жете алмайды, халықтың рухани құші — тілде. Тілі дамымаған халықтың рухы да дамымақ емес. Өйткені «Өнер алды — тіл» (М.Қашқари). Демек, дүниенің кілті — тілде. Тілдің дамуы арқылы адам баласының дүниетанымы сатылы дамиды. Яғни, ата-баба білігі балаға тіл арқылы дамып, болмыстың қасиеті мен белгілері терең таныла түседі. Тілде ертедегі танымның ізі, ел жасаған парасат пен кісліліктің пайымы жатыр. Тіл — «дыбыс тақба» жүйесі ғана емес, тілдің сақталуы арқылы халықтың бүкіл ғұмырындағы таным-түсінігі ұрпактан ұрпакқа жетеді. Басқаша айтқанда, сөз жүйесі арқылы халықтың ойлау жүйесі, материалдық және рухани мәдениеті жетеді. F.Мұсірепов «Тілін білмеген түбін білмейді» дейді. Тіл — ойдың ең басты қаруы. Тіл халықтың дамуымен тарихтың шеруімен, белгілі оқигаларға орай байып отыруы керек. Жаңа ұғымдар, жана терминдер қалыптасу керек. Ол жаңадан енген терминдерді де өзімізден табу мүмкін емес немесе шарт емес. Міне, дәл осылай тіліміз құрделене береді. Қазақ тілі — түпкі табиғатында ауқымы кең, оралымды, әрі аса бай тіл. Біз осы тілімізді толық иегере алдық па? Толық иегере алмай жатуымыз — сол ұшан байлықтың қөрінісі. Оған жаңа терминдерді қосыңыз. Л.И.Ожегов: «Тіл мәдениеті — бұл өзінің ойын дұрыс, дәл және мәнерлі жеткізе алу білігі. Дұрыс сөз дегеніміз — әдеби тіл нормасы сақталған сөз. Тілдің нормасы — бұл қоғамдық сөйлеу тілі тәжірибесінде қабылданған жалпы тілдік сөйлеу, грамматика, сөз қолдану ережесі. Ойын жеткізуде дәл әдіс таба білу ғана емес, сондай-ақ орынды сөйлеу», — деп тұжырымдайды [3].

Тіл — қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Міне, осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлану әркайсымыз үшін парыз. Адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі алдымен тілді жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелдеп отыр. Бүгінгі қазақ қоғамындағы мәнгүрттіктің басы да өз тілін тәрк етуден туды. Тіл мен дінінен айырылған ондай жан рухани кемтарлығын, адамдық болмысын түсінбей, қолденен қек аттының қолжаулығына айналады. Ана тіліміздің тағдыры үшін құресте халқымыз қам-қарекетсіз болған емес. Кешегі тіл тәуелсіздігін ту етіп қөтерген Әлихан, Ахмет, Міржакып, Мағжан, Мұхтарлар, сексенінші жылдардың аяғында бостандықтың лебі білінісімен басталған бұқілхалықтық қозғалыс соның айғағы. XX ғасырдың ұлы жемісі — қазақ халқы үшін Егемендіктің қек туы желбіреуі. Ата-бабаларымыз қоқсеген, армандаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Ендігі мақсатымыз — ұлттық рухты, түскен еңсөні қөтеру. Ұлттық мінез, ұлттық наымыс, ана тілі жоқ жерде — ұлт та жоқ. Халқымыздың аса бай рухани қазынасы — туған ана тіліміз. Ол — қазақ тілі! Жалпы тіл мәдениетіне қойылатын талаптар қандай, әрбір мәдениетті адам мәдениетті сөйлеу, қарым-қатынас жасау үшін нені менгеруі керек деген сұрақтар туындаиды [4]. Зерттеуші М.Балақаев өзінің тіл мәдениетін тереңінен зерттеген еңбектерінде тіл мәдениетінің негізгі принципі деп, сөйлемдердің, жеке сөздердің тындаушыға, оқушыға бірден түсінікті болу керектігін көрсетеді. Зерттеуші жазуда, сөйлеуде адам ойына қажетті сөз таңдағанда олардың стиЛЬДІК ерекшеліктерін ескеруді айтады. Тілдік норманы қалыптастыру, сауаттылық, тіл тазалығы, сөздерді дұрыс айттым, дұрыс жазу тіл мәдениетінің басты талаптары ретінде тұжырымдалады. Иә, қазақ ұлтының қасиетін білгің келсе, Абайды оқы, Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынов, тағы басқа ғұламалардың шығармаларын парапта. «Сөзі жоғалған елдің өзі де жоғалады» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, ана тіліміздің мәртебесін қөтеру әрбір қазақ шаңырағы өз отбасынан бастау керек. Әр ана мен әке өз баласына оның қазақ екенін, өз ұлтынан біл ұлттың жоқ екенін, қазақ ұлтының салт-дәстүрлерін бойларына сініре білсе, ол бала отан сүйгіш болып өседі. Демек, нағыз азамат, нағыз қазақ ең бірінші отбасынан алған тәрбиесінің жемісін, игілігін ең бірінші өз отбасына және еліне көрсетеді. Сондықтан еліміз берін жеріміздің ертеңгі іесі отанышыл, білімді ұрпақты тәрбиелеп өсіру әлемдік өркениет қөшіндегі өз орнымызды анықтау болып табылады. Қазақстанның гүлденуіне, біліктіліктерден көрінуіне, Қазақстандағы әрбір қазақ азаматының ана тілінде сөйлеуіне, жақсы білім алудына, өз құқығын білуіне міндетті. Елдің тірегін берік ұстау тек өзімізге байланысты. Рухымыздың білік, отан сүйгіштік қасиетіміз жоғары болса, тіліміздің де мәртебесі де үстем болмақ [5]!

М.Балақаевтің айтуынша, тіл мәдениетіне тәрбиелеу сөз мәдениеті негіздері туралы және тіл туралы жан-жақты ұғым беруден басталады. Сөз әдебі, әдепті, ауызша сөйлеу тілі мәдениетімен тұтастықта танылатындықтан, адамның айналасындағылармен табыса білуінің құпиясы қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық және іскерлік секілді тұрларімен сабактастық сараланды. Осы қатынас тұрларінің мақсатына қарай тілдің қолданыс аясының өзіндік ерекшеліктеріне қоңыл аударылды. Ал, жазба тіл мәдениеті аясында, негізінен, іс-қағаздары стилі мен окушылардың шығармашылық бағыттағы жазба жұмыстарының ұлғілері топтастырылды. Осы тақырыптар бойынша берілетін білім мен іскерлік-дағылардың шығармашылық бағытта кең өрістеуіне шешендейдікке баулу арқылы мүмкіндік туғызылады. Одан кейінгі кезекте жүрт алдында сөйлеуге машықтану жолдары, нақты сөзге дайындықтың сатылары, сөз құрылымы (сөздің кіріспесі, негізгі бөлімі, қорытындысы), тыңдарманмен байланыс жасаудың шарттары туралы мағлұмат беріліп, практикалық тапсырмалар мен тақырыптар көрсетіледі, пікірталасының тұрларі, олардың әрқайсысының ерекшеліктері, пікірсайысындағы өзін-өзі ұстау, сөйлеу мәдениеті туралы, оның талаптары мен шарттары ұлттық және мәдени дәстүрге негізделе отырып ұсынылады. Өз пікірін қорғаудың, қарсыласын мойыннатудың тұрлі тәсілдері окушы ұғымына ынғайластырылған. Сұрақ қою, сұраққа жауап берудің әдіс-амалдары нақтыланып беріледі. Айттысу шеберлігін жетілдірудің негізгі жолдары анықталып көрсетілген. Әдістемелік жағынан, осы тақырыптарға орай ұсынылатын жұмыстарда мазмұн бірлігін сақтай отырып, грамматикалық талдаулардың да жүйелі берілуіне баса назар аударылады. Міне, осындағы мәселелерге баса назар аудару арқылы тіл мәдениетінің дамуына ықпал етуге болады [6].

Қазақстан жүртшылығы тәуелсіздік дәмін татып, ақырын жүріп, анық баса біртінде алға озып келеді. Президентіміздің әуелден ұстанған өмірлік мақсаты — елдің тыныштығын, береке-бірлігін, халықтар достығын, өзара ынтымақтастығын көздің қарашығындаңай сақтай отырып, ризығымызды молайту, экономикалық әл-куатты қүшейту, рухани байлықты дамыту, өркениет өріне қарай жол тарту. Осы мұдде, осы мақсат үшін ол неше алуан шегініс жасап, неше алуан келісім-шарттарға да

В совокупности по всем показателям образной креативности результаты следующие.

Однаковое количество респондентов с различными уровнями успеваемости продемонстрировало креативность ниже нормы — по 15 %. Креативность выше нормы продемонстрировали те школьники, которые учатся на «4» и «3», — 15 и 12,5 %. Среди «отличников» число креативных подростков меньше — 8,7 %. Наиболее многочисленную группу составили учащиеся со средним уровнем креативности: «отличники» — 76,2, «ударники» — 70, «троечники» — 72,5 % (табл. 8).

Таблица 8

Сравнительная характеристика показателей креативности у учащихся с различной успеваемостью, %

Учащиеся	Образная креативность		
	ниже нормы	норма (средний уровень)	выше нормы
«Отличники»	15	76,2	8,7
«Ударники»	15	70	15
«Троечники»	15	72,5	12,5

Тест вербальной креативности (RAT) С.Медника (I серия) позволил выявить уровень вербальной креативности школьников с различным уровнем успеваемости.

Наиболее многочисленную группу составили учащиеся со средним уровнем креативности: «отличники» — 75, «ударники» — 67,5, «троечники» — 72,5 %. Уровень креативности выше нормы показали лишь 5 % успевающих на «отлично», 22,5 — на «хорошо» и 17,5 — на «удовлетворительно». Учащиеся с уровнем креативности ниже нормы составили в группе «отличников» 20 %, в группе «ударников» и «троечников» — по 10 % (табл. 9).

Таблица 9

Сравнительная характеристика показателей вербальной креативности у учащихся 10-х и 11-х классов с различной успеваемостью, %

Учащиеся	Вербальная креативность		
	Ниже нормы	Норма	Выше нормы
«Отличники»	20	75	5
«Ударники»	10	67,5	22,5
«Троечники»	10	72,5	17,5

В целом можно сделать вывод, что творческим потенциалом в большей степени обладают школьники, которые учатся на «хорошо» и «удовлетворительно», а учащиеся с высокой успеваемостью не показывают выраженных творческих способностей.

На втором этапе исследования мы попытались выявить скрытый креативный потенциал, который часто блокируется (табл. 10).

Таблица 10

Сравнительная характеристика показателей вербальной креативности у учащихся 10-х и 11-х классов с различной успеваемостью, %

Учащиеся	Вербальная креативность		
	ниже нормы	норма	выше нормы
«Отличники»	17,5	62,5	20
«Ударники»	17,5	67,5	15
«Троечники»	15	70	15

Количество учащихся, раскрывших свой творческий потенциал, увеличилось до 20 % в выборке «отличников». В выборках «хорошистов» и «троечников» оно, напротив, уменьшилось до 15 %, причем различия статистически достоверны.

Проведенная работа по исследованию креативности у старшеклассников позволила сделать следующие выводы:

1. Проявление творческого потенциала у учащихся вписывается в кривую нормального распределения. Подавляющее большинство школьников проявляют средний уровень креативности; примерно равное количество учащихся демонстрируют показатели выше нормы и ниже нормы, но при этом наименьшее количество высококреативных подростков среди «отличников».

2. К 11 классу намечается тенденция к увеличению числа учащихся, чей показатель гибкости превысил возрастную норму (13,3 %) по сравнению с числом учащихся в 10-х классах (6,6 %).

3. Оригинальность выше среднего уровня (3,3 %) выявлена у учащихся 10-х классов. К 11 классу, напротив, намечается тенденция к увеличению числа учащихся с показателем оригинальности ниже нормы (26,7 %).

4. Показатель разработанности выше нормы установлен у большинства учащихся 10-х классов (36,7 %), к 11 классу намечается тенденция к снижению этого показателя (26,7 %).

5. Количество учащихся 10-х и 11-х классов с креативностью выше нормы (11,6 и 10 % соответственно) в целом незначительно. К 11 классу намечается тенденция к увеличению числа учащихся с низким уровнем креативности (от 15,8 до 16,7 % школьников).

6. По параметру гибкости низкие результаты продемонстрировали 30 % «хорошистов», а «отличники» и «троечники» показали средний и высокий результаты — по 85 % соответственно.

7. Низкий уровень оригинальности проявили «отличники» (30 %), тогда как большее количество «троечников» показали средний и высокий уровень оригинальности.

8. По показателю разработанности результаты выше нормы продемонстрировали «хорошисты» и «троечники» — 50 и 40 % соответственно, и лишь 20 % «отличников».

9. В целом высокий уровень креативности свойствен «ударникам» и «троечникам» — 12,5 %, среди «отличников» он обнаружен у 8,7 %.

10. Распределение показателей образной креативности по методике П.Торренса в целом совпадает с распределением показателей верbalной креативности по методике С.Медника.

Помочь развитию творческого потенциала учащихся, их продуктивных способностей и личности (эмоциональному самовыражению, осознанию ценности своих идей, способности к выработке личностных стратегий и тактик при решении новых проблем, умению самостоятельно сделать выбор, принять решение) может изменение содержания образования от знанийцентристского к компетентностному, а также дальнейшее внедрение современных образовательных технологий, где будут учитываться индивидуальные особенности, способности, потребности и интересы учеников.

Список литературы

1. Пфейфер Н.Э., Бурдина Е.И., Мустафина Г.М. Характеристика компонентов экологической компетентности студентов энергетических специальностей // Вестник Карагандинского ун-та. Сер. Педагогика. — 2010. — № 1. — С. 12–18.
2. Концепция развития образования Республики Казахстан до 2015 года [Электронный ресурс] // Виртуальная библиотека образовательных ресурсов Восточно-Казахстанского государственного университета им. С.Аманжолова: [http://www.vkgu.kz]. URL: library.vkgu.kz/virtuallibrary/kon_2015.shtml (дата обращения 15.10.2011).
3. Шумакова Н.Б. Междисциплинарный подход к обучению одаренных детей // Вопросы психологии. — 1996. — № 3. — С. 34–43.
4. Лазарева Е.А., Синельникова Е.П., Соколова О.А. Исследование мотивации учения в раннем юношеском возрасте // Психологическая наука в Казахстане: прошлое, настоящее, будущее. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2011. — С. 41–53.
5. Торшина К.А. Современные исследования проблемы креативности в зарубежной психологии // Вопросы психологии. — 1998. — № 4. — С. 123–132.
6. Жетепбаева Б. Креативность как интегральное качество личности // Высшая школа Казахстана. — 1999. — № 1. — С. 68–74.
7. Ким Б.И. Инновационная технология учебного тестирования // Вестник АПН Казахстана. — 2008. — № 5–6. — С. 10–19.
8. Селезнева Е.В. Интеллектуальный потенциал и творческое мышление // Мир психологии. — 2009. — № 3. — С. 215–223.
9. Туник Е.Е. Диагностика креативности. Тест П.Торренса: Метод. руководство. — СПб: Иматон, 1998. — 68 с.
10. Тест вербальной креативности (RAT) С.Медника (адаптация Алексеевой Л.Г., Галкиной Т.В) [Электронный ресурс] // Психология личности [http://psychologiya.com.ua/]. URL: psychologiya.com.ua/testy.html (дата обращения 10.09.2010).

Қазіргі білім беру жағдайында психологияны оқыту

Молдабаева Р.А.

E.A.Бекетов атындағы Караганды мемлекеттік университеті

В статье рассматривается проблема эффективности преподавания психологии в условиях современности, так как от этого зависит, как себя будут вести будущие молодые специалисты и насколько легко они могут адаптироваться в условиях изменяющегося общества. Автор разъясняет, что содержание и методы обучения дисциплин должны организоваться таким образом, что в результате выпускающийся студент усваивает функциональные возможности психологического мышления, а также теоретические и практические знания, методы общения и взаимодействия с людьми в разных жизненных ситуациях. В статье доказывается, что преподаватель психологии не должен ограничиваться теорией, а владеть методами практической психологии, так как формирует у студентов мыслительные навыки, развивает способности решать умственные задачи.

Problem teaching to psychologies in condition of the modern formation, since from efficiency of the teaching to psychologies hang, as itself will lead the future young specialists and insofar easy they can be adapted in condition changing society. So contentses and methods of the education of discipline must be organized thereby that as a result releasing student must adopt the functional possibilities of the psychological thinking, as well as theoretical and practical knowledges and methods of the contact and interactions with people in different life situation. The teacher of psychology shouldn't be limited to theoretical psychology, he should own methods practical psychology as it forms cogitative skills at students, develops abilities to solve intellectual problems.

Білімі мен мәдениеті төмен, ой-өрісі тар адамдар қоғамның негізгі қозғаушы құші бола алмайтыны белгілі. Ондай қарабайыр тобырға арқа сүйеген мемлекеттің өзге өркениетті елдердің қатарына қосыла алмайтыны да ежелден мемлекет болып келе жатқан басқа ұлттардың тарихынан бәрімізге мәлім. Осындай тарихи жауапты кезеңдерде қоғам мүшелерінің сапалық деңгейінің жоғары болуының қажеттілігі туынданап отыр. Ал, ол сапа көкірегі ояу, көзі ашық адамдардың молдығынан тұрады.

Уздіксіз білім беру жүйесінде жоғары оқу орындарында білім беру мәселесі оның басқа сатыларындағы сияқты өзгерістер мен жаңартулар, байтулар мен толықтырулар үнемі жүріп отырады. Қазіргі жаңа педагогикалық прадигма білім беруді жеке тұлғаның таңдауына бұруды және оның жеке интеллектуалды талаптарын қанағаттандырып отыруды талап етеді. Ал болашақ мамандарды даярлауда бұл мәселе аса өзектілікті болып табылады.

Қазіргі қоғам білім беру жүйесіне қоғамның өзгермелі жағдайына жеңіл бейімделетін болашақ мамандарды даярлауга мүмкіндік беретін жаңа талаптар қояды. Мұндай дайындық әр түрлі ғылыми саладағы білімдердің тек жиынтығына ғана тәуелді болмауы тиіс. Оқылатын пәндердің мазмұны мен әдістемесі, нәтижесінде бітіруші студент психологиялық ойлаудың қызыметтік мүмкіндіктерін менгеріп шығатындей, нәтижелі әрі ғылыми түрғыдан дұрыс жоспарланған болуы қажет.

Жоо оқу нақты студент үшін болашақта өзінің кәсіби іс-әрекетінде сәтті қолдануға мүмкіндік беретін негізгі теориялық және практикалық білім алу болып табылады. Оқытушының мақсаты — болашақ маманға өзінде жинақталған білім мен іскерліктерді беру, сонымен қатар оларды тәжірибеде және шындық өмірде қолдануға үйрету. Бірақ психология — бұл гуманитарлық танымға жататын ерекше ғылым. М.М.Бахтин гуманитарлық таным — ғылыми танымның ерекше типі, оның негізінде зат емес, тұлға, субъект-субъект қатынасы тұрады деп атап өткен [1]. Тұлға танылуши ретінде танымның нақтылығын талап етпейді, ол танымның тереңдігін қалайды. Оның бірегейлігі студенттің дамуын «Психология» пәнін оқу барысында тек нәтиже ретінде ғана емес, сонымен қатар оны өзіндік сана, өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру процесі ретінде қарастыру қажеттігінде. Мұндағы маңызды сәт әлемді бейнелеу ғана емес, сонымен бірге қазір және болашақта осы әлемде өзін, өзінің жағдайын, өзінің әлемге қатынасын, өзінің мінез-құлқын бейнелеу болмақ.

Аталған гуманитарлық танымның, психологиялық танымның ерекшеліктеріне орай психолог маманы үшін де, педагогикалық әрекетті игеру жүйесінде психологияны менгерушілер үшін де психологияны оқыту келесідей мақсатты көздейді: өмірдің әр түрлі жағдайында адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынасты орнатудың теориялық және практикалық білімдерімен, әдістерімен қаруландыру.

Студенттердің кез келген ғылымды окуы бір ғана мақсатқа бағынады, бұл өмірлік құбылыстарға, практикалық міндеттерге ғылыми түрғыдан келуге үйрену, яғни жан-жақты игерілген білім түрғысынан қарастыру. Психологияға қатысты алынатын болса, демек, бұл студенттің оны адам психологиясына ғылыми бағдарлану мақсатында оку, яғни нақты адамдардың әрекет үстінде, қылықтарында оның көрінуін түсінүе және түсіндіре алу үшін, осының негізінде олармен күнделікті тәжірибеде дұрыс өзара әрекеттесуге үйрену үшін оку.

Бұл мақсат әрі кез келген ғылымды окуға қатысты болғанымен, ол тек студент іс-әрекетіне ғана тиесілі: тек студент қана оны игеруге талпынуы қажет. Ал оқытушының іс-әрекеті студент іс-әрекетінен өзгеше мақсатты қөздейді. Студенттің мақсаты — ғылымды игеру болса, оқытушының мақсаты — оны студенттің бойына сіңіру. Осы мақсаттар түбінде бірігеді. Бірақ мәселені қойған кезде олар әр түрлі: студент оқытушыдан «білімді алушы», ал оқытушы қажетті білімді «беруді» және оларды қолдануға үйретуге қөздейді.

Психологияны окуда кез келген студент болашақ мамандығына қарамастан, адам әрекетімен қылықтарын талдауға, тұлғаның міnez ерекшеліктерін және қабілетін, темпераментін және басқа да тұлғалық ерекшеліктерін анықтауға, қоғамдағы, ұжымдағы, басқа адамдармен қарым-қатынастағы әлеуметтік психологиялық құбылыстарды және т.б. ашуда психологиялық ойлануды үйренуі қажет.

Демек, студенттің психологияны игеру мен оқытушының психологияны оқыту мақсаты осы процестің нәтижесінде студентте басқа адамдармен шынай өзара әрекет кезінде ғылыми-психологиялық білімді тәжірибеде басшылыққа ала білу іскерлігін қалыптастырудың бір-бірімен ұштасады. Бұл өз кезегінде жоғары да айтылған мақсат студентте психологиялық ойлау іскерлігін қалыптастыруды қөздейді.

Б.Ц.Бадмаев бойынша, психологияны оқытудың мақсаты студенттерде ғылыми-психологиялық білімді басқа адамдармен шынай өзара әрекет барысында практикалық басшылыққа алу іскерлігін қалыптастыруды, бұл студенттердің психологиялық ойлауын қалыптастыруды болып табылады [2]. Біздің ойымызша, соңғы анықтама психологияны оқытудың мақсатын едәуір нақтырақ айқындаиды, себебі ол өзінің құрамына процесс пен оның соңғы нәтижесін ғана емес, сонымен қатар басты назарды студенттерде психологиялық ойлай білу іскерлігін қалыптастыруды аударады. Психологияны оқи отырып, студент болашақ мамандығына қарамастан, адамдардың іс-әрекеттері мен қылықтарын бағалап, оны талдауда, тұлғаның міnez-құлқы мен қабілетінің, темпераментінің ерекшеліктерін, қоғамдағы, ұжымдағы, адамдардың қарым-қатынасындағы әлеуметтік-психологиялық құбылыстарды анықтауда психологиялық ойлауға үйренуі қажет.

«Психологияның» оку пәні ретіндегі ерекшелігі, ондағы қажеттіліктің, оку міндеттерінің, оку мотивациясының, әрекеттер мен амалдардың және оку нәтижесінің болуымен сипатталады. Оку әрекетіндегі қажеттілік студенттердің теориялық білімді менгеруге талпынысы ретінде қарастырылады. Оку міндеті — өнімді міндетті шешу және субъектінің өзгеруі болып табылатын міндет. Оку әрекетінің уәжі әр түрлі болуы мүмкін, бірақ ең нәтижелісі танымдық мотив болып табылады. Оку әрекетін жүзеге асыру — бұл студенттің оку әрекеті мен амалдарын бірізділікпен орындау.

Студенттерде қалыптасқан білім, іскерлік дағды оқытудың нәтижесі болып табылады. Психологияны оқытудағы оку әрекетінің обьектісі психологиялық шындық болады. Психологиялық шындық пен әрекет етудің әр түрлі тәсілдерін игеру оку әрекетінің пәні болады.

Қазіргі кезде оқытуды ұйымдастырудың жаңа бағытта болуы керек. Ендеше дайын білімді жаттаудан тұлғаны қалыптастыруды, шығармашылықпен оқуды дағдыландыруды көшу керек. Олай болса, жаңа оқыту әдістері бойынша оқытушы оқытпайды, тек жетелейді, ал студент өзінің іс-әрекеті процесінде өзі оқиды. Егер окушының танымдық іс-әрекеті жоғары белсенді болса, менгерудің тиімділігі де жоғары болады.

Бұл жағдайда оқытушы студенттің оку іс-әрекетінің ұйымдастыруышы рөлін аткарады. Мұндай ұйымдастырудың себебінен студент акпаратты пассивті қабылдаушы емес, керінше, акпаратты белсенді «табушы» және іздеуші болуы тиіс. Мұндай оку іс-әрекетін қамтамасыз ететін оқытушының әдістерін оқытудың белсенді әдістері деп атайды.

В.Я.Ляудистің берген анықтамасы бойынша: «Оқытудың белсенді әдістері деп бірлескен және жеке оку іс-әрекеті жағдайында әлеуметтік құнды нәтижелер жетістіктерімен байланысқан оқытуды құнды шығармашылықпен ұйымдастыратын әдістер деп түсінуге болады» [3; 24].

Жоғары оку орындарындағы оку орта мектептегі оқытудан әлдеқайда өзгеше, оның сыртқы формасында да, ұйымдастырылуында да, сондай-ақ ішкі, психологиялық жағында да

аійрмашылықтар бар. Студент өзінің оку іс-әрекетінде жаңа жоғары сатыға көтеріледі — мұғалімнің күнделікті қадағалауымен және басшылығымен алынатын окудан әлемнің ғылыми жетістіктерін өздігінен менгеруге ауысып, оку және өзіндік оку әдістерін менгереді. Оқытушы студентке өзіндік шығармашылығының потенциалын ашуда зерттеушілік бабын талап ететін оку есептерін коя отырып, көмектеседі. Студент өзінің оку іс-әрекеті нәтижесінде жоғары білікті маман ретінде өзін-өзі қалыптастырады.

Жоғарыда айтылғандардан келесідей қорытынды жасауга болады: оқыту әдістері окушының өзіндік іс-әрекетін белсенді етіп, тұлғаның ақыл-ой дамуына қызмет етсе ғана тиімді бола алады.

Қазіргі кездегі белсенді оқыту әдістерінің ішінен В.Я.Ляудис психологияда қолдануға едәуір қолайлы әдістердің үш тобын бөліп көрсетеді [3; 95]: бағдарламаланған оқыту әдісі, проблемалық оқыту әдістері, интерактивті оқыту әдістері.

Бағдарламалық оқыту әдістері білімнің пәндік мазмұнына байланысты мақсатты, міндетті шешу тәсілдерін, қолдау мен қадағалау формаларын нақтылау және түрлендіру арқылы дәстүрлі оқытууды қайта құруды көздейді.

Бағдарламаланған оқыту — бұл П.Я.Гальпериннің ХХ ғасырдың 50-жылдарында жасаған ақыл-ой іс-әрекетін сатылап қалыптастыру теориясына негізделген оқытуудың белсенді әдістерінің жиынтығы [4]. Бұл теория окушылардың танымдық әрекетін қалыптастыру туралы теория; қогамдық тәжірибе жоспарынан жеке тәжірибе жоспарына ауысадын негізгі кезеңдерінің пайдада болуы туралы білім болып табылады. Бұл әдіс бойынша алдын ала оқыту мақсаты және осыған орай оқытушының қадағалауы және басшылығымен жүйелі әрекеттер қатары да жоспарланады, сонында бір нәтижеге, яғни окушы дағдыларының қалыптасуына, әкеледі.

Бағдарламаланған оқытуудың ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру теориясына сәйкес ұйымдастырылатын негізгі әдістемелік құралдары келесідей болып табылады:

1. Окушыға менгеретін әрекетті қатесіз орындауға мүмкіндік беретін белгіленген әрекет негіздерінің сызбасы (БӘН).

2. Берілген әрекетті орындау барысында әр түрлі модельдеуші жағдайлардан тұратын оку есептерінің жиынтығы.

Окушы бұл есептерді БӘН сызбасына қарап шешеді. Есептер үш түрлі болады: пәндік, логикалық, психологиялық. Пәндік типтегі есептерге психологияда практикалық психологтың әрекетінде кездесетін жағдайларды модельдеу жатады. Мысалы, адамдардың психологиялық жағдайларын тәртібінен, әрекеттерінен, сіздерінен т.б байқау жатады. Сонымен қатар сурет, сызу негізінде есептелетін есептер де жатады.

Пәндік есептер окушының ақыл-ойын ынталандыру үшін, олар өте сирек немесе күмәнді жағдайлардан, әдеттегі емес жаңа есептер болу керек, үйреншікті жағдайдағы есептер болса, ондай есептер жалықтыралып, студентті қызықтырмайды.

Логикалық типтегі есептер — бұл шешу үшін логикалық заңдылықтар бойынша ойға салуды талап ететін есептер, яғни, ойша әрекетті талап ететін есептер. Ойға салу бұл есептің шартын анықтауға бағытталады: берілген есеп шартының қайсысы керек, қайсысы артық немесе бұл есептің тұжырымдамасында қандай керекті шарттар жетіспейді. Бұл есептерде есепке логикалық талдау жасау қажет. Логикалық есептің төрт түрі болады.

1. Есептің мазмұнында барлық керекті шарттар белгіленген, бірақ артық шарттар жоқ.
2. Есептің мазмұнында керекті және керексіз артық шарттары белгіленген.
3. Есептің мазмұнында артық шарттар жоқ, бірақ кейбір керекті шарттар берілмеген.
4. Есептің мазмұнында артық шарттар болғанымен, керекті шарттар түгел емес.

Студентте қате әрекет тудыру мүмкіндігі және есептің шешуіне әкелетін керекті маңызды жақтар маңыздысын немесе, көрініше, маңызызың жақтар маңызды жақтар жасырылып қалатын есептер түрі психологиялық есептер типтегі жатады. Бұл есептер студентке женіл жолмен емес, ақыл-ой мен жігер арқылы шешуді талап етеді. Студенттен әрекеттерде ойлампаздық, есептің шартын талдауда сабырлық және парасаттылық керек.

Психологиялық типтегі есептер белгілі бір жағымды әсер тудырады, себебі олар құбылыстармен заңдылықтардың анықтамалық және көрнекілік сипаттамалары арасындағы қарама-қайшылықтардан құрастырылған есептер болып табылады. Егер студент көрінгенде нақтыдан, бұлныңғырды шындықтан, кездейсоқтықты қажеттіден айыруға үйренбесе, онда ол қате әрекеттер жасайды, керексіз нәтижелер алады, яғни қателесіп отырады.

Психологиялық типтегі есептерді келесідей ерекшеліктер арқылы анықтауга болады:

1. Есептегі құбылыстың белгілері іздестіріп отырған құбылыс сипатына ұқсас болады (ұқсайды, бірақ ол емес).

2. Бақылап отырған белгілер іздестіріп отырған құбылысқа ұқсайды және соның ізі болып табылады (ұқсайды және соның ізі).

3. Бақылап отырған белгілер іздестіріп отырған құбылысқа жатпайды, бірақ оның белгілері болып табылады (ұқсамайды, бірақ сол).

4. Құбылыстың көрнекі белгілерінен іздестіріп отырған құбылысқа ұқсамайтынына қарап, бұл оның белгілері емес деп қорытынды жасау (ұқсамайды және ол емес).

Психологиялық типтегі есептерді шеше білу — бұл студенттің жан-жақты әрекетті менгеріп, ойланып және әрбір әрекеті ақыл-ойдың жоғары дәрежесіне сай орындауды.

Оқытудың проблемалық әдісінде басты назар студенттердің ақыл-ой әрекеттерінің мотивтері мен әдістеріне, сондай-ақ оның проблемалық жағдайға кіру рәсіміне аударылады.

Проблемалық оқыту арқылы студенттердің белсенді ойлау әрекетінің дәрежесін көтеру, оларды ақыл-ойдың шығармашылық әрекеттерінің жүйесіне үйрету болып табылады. Бұл жүйені менгеру ақыл-ой әрекетінің сапасын арттырып, ғылыми диалектикалық ойлауды қалыптастырады. Проблемалық оқыту процесінде негізгі төрт саты айқын болу керек: проблемалық жағдайды түсіну, проблеманы накты құра білу және оны талдау, ұсыныстар жасау, болжам жасау жолымен проблеманы шешу, проблемалы міндеттерді шешудің дұрыстығын тексеру.

Проблемалық оқытудың мәні проблемалық жағдай тудыру, оны шешуде студенттердің әрекетін басқару болып табылады. Зерттеуші В.Окоң проблемалық жағдай тудырудың төмендегідей белгілерін тұжырымдап берді [5]:

1. Проблемалық жағдай студенттердің белсенділігін, қызығушылығын, ынтасын тудыратындағы табиғи және өмірлік сипатта болу керек.

2. Студенттердің тәжірибесіне, біліміне, жасына лайықты киыншылықтардың болуы көздеуі қажет.

3. Проблема анық, дәл қойылуы тиіс.

4. Проблеманы толық не жартылай шешу — бұл оның дұрыстығын таңдай болып табылады.

5. Бір жағдайдан екіншіге өтуде бірізділік, әсерлілік сақталуын көздеу керек.

Бірізділік, өзара қатынас, байланыс, тәуелділік, мәселені жан-жақты тануға мүмкіндік тудырады. Проблемалық оқыту студенттерді ғылыми, дидактикалық, логикалық, ойлауга, кездескен қыындықтарды жеңуге үйретеді. Оку материалын дәл, қызықты болуы, білімнің берік болуы, сенімге айналуы, ұзак есте сақталуын қамтамасыз етеді.

Проблемалық оқытудың артықшылығы:

- ғылыми ақиқатты дәл, саналы түсінуге білімнің сенімге айналуына мүмкіндік тудырады;
- диалектикалық ойлауга, ғылыми ізденушіліктің жолына үйретеді;
- проблемалық оку эмоционалды беріледі де сабак тартымды болып, оқушылардың қызығушылығын, белсенділігін тудырады.

Оқытудың интерактивті әдісі адамдардың өзара әрекеті мен қарым-қатынасын үйимдастыру арқылы білімді игеру үрдісін басқарады.

Оқытушының әрекетінің аймағы бір ғана студент емес, бір-бірімен сұрақтарды талқылайтын, пікірталасқа түсетін, өзара ынтымақтастықта болатын және бір-бірін ынталандыратын әрі белсенді ететін өзара әрекет жасайтын студенттер тобы болып табылады. Адамдар ұжымымен ақиқатты іздеу барысында жарысады, бәсекеге түседі, сондықтан интерактивті әдіс студенттердің рухын көтеріп белсенділігін арттырады.

Интерактивті оқытуға келесідей әдістер жатады: эвристикалық әңгіме, пікірталас, «ой шабуылы», «дөңгелек үстел», іскерлік ойындар, практикалық жұмыстар жарысы және оларды талдау.

Эвристикалық әңгіме — бұл ұжымдық ойлау немесе проблеманың жауабын іздеуге күрылған әңгіме. Бұл әңгіме барысында ойша іздеу ұжымдық ойлауга алмасады, себебі әңгіме барысында пікір алысады, аралық шешулердің әр түрлі нұсқалары айттылады, бұл жағдайда студенттер ақиқатты өзара әрекет және өзара көмектесу арқылы бір-бірінің ойлауын арттырып, ақиқатты іздейді [6].

Пікірталас — бұл арнағы бағдарламаланған оку бағдарламасының теориялық сұрақтарын талдауы, әдетте бұл сұрақты қоюмен басталады және эвристикалық әңгіме түрінде өріс алады.

Пікірталас — бұл сөйлеу әрекетінің диалог түрі. Бұл жағдайда әңгіме барысында туған пікірлер арасында интенсивті курсес тудады. Пікірталастың ерекшелігі, оған түскендердің пікірі дәлелденетін, ақиқатты, белгісіз бір жерден пайда болған емес белсенді ойлаудан пайда болған пікірлер болып

табылады. Пікірталас әдісі семинар-пікірталаста, семинар-практикумдарда, практикалық және лабораториялық сабактарда тапсырмаларды орындау нәтижелерін талқылау барысында қолданылады.

«Ой шабуылы» — әдісінің мәні бойынша күрделі проблемага жауап іздеу барысында әр түрлі ойға кез келген идеялар, болжамдар, ұсыныстар, кездейсоқ аналогияларды интенсивті айтуда, сонымен қатар қатысуышылардың керекті немесе керексіз ассоциациялары пайда болуы мүмкін. Бұл пікірлердің барлығы диктофонға жазылып «ой шабуылын» ұйымдастыруши зейін қойып олардың ішінен сұраққа жақын жауаптарды таңда алып, кейін сұрақ мазмұнына сәйкес терен талқылау ұйымдастыру.

«Ой шабуыл» әдісінің алтын ережесі деп әңгіме барысындағы бірде бір ой-пікірдің айтулына күмәндінен, сын айтуға болмайды, әр түрлі идеяларды айтуға ерік берілуі керек.

«Дөңгелек үстел» әдісі әр түрлі ғылыми аспектілерде теориялық проблемаларды менгеру жолымен қарастырылатын, тиімділікті арттыратын әр түрлі профильдегі мамандардың қатысуымен өтетін әдіс.

Іскерлік ойын әдісі — мамандарды басқару және әрекет жасауға үйрететін әдіс. Студентті нақты жағдайда қатысуышы кісі ролінде айқын және пәнді ойларға мәжбүр еткізіп, елеулі нәтижелерге жету деген саналы мақсатта болуға қою. Сондықтан бұл жағдай оқушының зейінін сезімталданырады, ойлауды мақсатқа бейімді қылыш мәнгеруді жақсартуға себеп болады.

Интерактивті оқытуудың жаңа әдісі тренинг болып табылады. Тренинг — бұл арнайы жасалған кіші топтарда қарым-қатынасты ұйымдастыру арқылы өтетін психологиялық-түзету жұмыс әдісі.

Психологиялық тренинг — бұл топтағы адамдардың қарым-қатынастары мен өзара түсіністік пен өзін-өзі тану дағдылары мен ептілігін қалыптастыратын топтық әдістер жиынтығы.

Сабакты топтық тренинг әдісімен откізу оқытуышыдан зор дайындық жұмысты талап етеді.

1. Тренингтің сценарий жоспарын құруға байланысты жұмыс.
2. Тренингте талқыланатын проблеманы шешуге қатысуға студенттердің көңілін белсенді етуге байланысты жұмыс.

Оқытуышының өзіндік дайындығы (өзінің журіс-тұрысын ойластыру; сұрақтарды қалай қоятынын қарастыру; сұрақтарға қалай жауап қайтаруды; даулы мәселеге қалай жауап беруді т.б. ойластыру).

Демек, оқытуудың белсенді әдістері — бұл оку үрдісінде субъектінің жоғары белсенділігін қамтамасыз өтетін әдістер болуы тиіс, себебі осы курста алған білім студенттердің маман оқытуши ретінде оның теориялық, ғылыми және практикалық дайындығының жоғарғы деңгейін қамтамасыз етіп, осыдан психикалық дамудың басты қозғаушы күші ретінде қазіргі білім беру үрдісіндегі ұйымдастыруды тиімді жолына алуы қажет.

Заманауи білім беру барысында жаңа ақпараттық технологияны қолдану талап етіледі. Білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз — оку және оку-әдістемелік материалдар жинағы, оку қызыметіндегі есептеуші техниканың техникалық құралдары, оқытушылар мен оқушылар еңбектерін жүзеге асыру үшін оларды қолдану формалары мен әдістері деген анықтама беруге болады. Яғни ақпараттық технология — білім беру мекемесі мамандарының жұмысын жүзеге асыруши әдістер мен формалар және балаларға білім беруші қурал.

Ақпараттық технология қызыметінің құралы ретінде жаңа ақпараттық технологияның компьютерлік құралдары қолданылып жүр. Заман талабына сай барлық мектептер компьютермен жабдықталып, ол оқушының іс-әрекетінің интеллектуалды құрылышымен сәйкес келеді.

Компьютермен жұмыс істеу оқушының шығармашылық қабілетін дамытып, жалпы мәдениетінің деңгейі мен ықыласын көтереді.

Компьютерді психология сабакында қолданудың артықшылығы:

- психологияның бірнеше тақырыптарының қамтылуы;
- оку материалының жеткізілу көрнектілігі, түсі, дауысы, қозғалысы;
- оку орны тәжірибесінде көрсетілмейтін тәжірибелерді көруге болады;
- оқушылардың пәнге қызығушылығы артады.

Қоғам инновацияның арқасында білім беруде қандай жетістіктерге жететінін және оны студенттерді оқытуда шұғыл қолдануға мүмкіндік болатыны жайлы айтпай кетуге болмайды.

Жақындаған пайда болып білім беруге белсенді, демек, оқыту процесіне енгізіліп отырған, бүгінде қазіргі кездегі телекоммуникацияның мүмкіндіктеріндегі жетістіктер жүйесінде онсыз уақытқа сай аяқ басу мүмкін емес жаңа ақпараттық технологияларды атау қажет. Олардың ішінде

қашықтықтан оқыту (ҚО) — Интернет жүйесі арқылы білім негіздеріне ұлттық халықаралық білім беру мекемелердің мәліметтер негіздеріне қол жеткізу бірінші орында.

Қашықтықтан оқыту формасын тәжірибеге ендірудің бірнеше артықшылықтары бар, себебі қашықтықтан оқытудың негізгі сипаты мыналар болып табылады:

1. Икемділік. Оқушылар дәріс және семинар сабактарына жүйелі қатыспайды, олар өздеріне ыңғайлы уақытта, орында және қарқында жұмыс істейді. Қашықтықтан оқыту қандайда бір себептермен дәстүрлі білім алу мүмкіндігінен айырылған адамдарға білім алуға мүмкіндік береді, сонымен қатар даралап оқыту мүмкіндігін күштейтеді.

2. Модульдылық. Эрбір жеке курс белгілі бір сала жөнінде тұтас түсініктің қалыптастырады, ол бір-біріне тәуелді емес курстар жинағынан — модульдерден жеке және топтық қажеттілікке жауап беретін оқу бағдарламасын жасауға мүмкіндік береді.

3. Экономикалық тиімділік. Әлемдік білім беру жүйесінің орташа бағасы қашықтықтан оқытудың дәстүрлі білім беру жүйесінен екі есе не одан да арзанға түсептінін көрсетіп отыр.

4. Оқытушының жаңа рөлі. Оған танымдық процестерді бағыттау, оқытылатын курсты түзету, кеңес беру, оку бағдарламасын басшылыққа алу және т.б сол сияқты жаңа қызыметтер жүктеледі.

5. Білім берудің арнайы бақылауы — қашықтықтан ұйымдастырылған емтихандар, әңгімелесу, практикалық, курстық және дипломдық жұмыстар және т.б.

Едәуір көп тараған электрондық басылымдардың бірі электрондық оқулық (ЭО) болып табылады, оған мәтіндерден басқа студенттерге оку материалын қабылдаудың әр түрлі формаларымен менгеруге мүмкіндік беретін құрылымдық-логикалық сызбалар және көрнекі материалдар кіреді. Оларға сонымен қатар негізгі құқықтық құжаттар, терминдердің сөздігі, ақпаратты іздеу модульдері, тест кіруі мүмкін [7].

Электронды оқулықтың артықшылығына мыналарды жатқызуға болады: тәжірибелі шұғыл кері байланыспен қамтамасыз ету; ақпарат іздеуге көмек; гипермәтіндік түсіндірүлөрге бірнеше қайтара жүгінде уақытты едәуір үнемдеу. Студенттің дара ерекшеліктерінің қарқынына орай белгілі бір тарау бойынша білімді тексеруге мүмкіндік береді.

Егер жоо-дағы психология оқытушысы студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуға қам жесе және оған арнайы оқыту әдістері арқылы ықпал етіп отыrsa, онда ол тек теориялық психологияны оқытумен ғана емес, сондай-ақ практикалық психологиямен, психотехникамен де айналысады деген сөз, себебі ол теориялық психология материалдарына сүйене отырып, ойлау дағдысын шынайы қалыптастыруға, ақыл-ой міндеттерін шешуге қабілеттілікті шынайы дамытуға күш жүмсайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. — М.: Академия, 1979. — С. 212.
2. Бадмаев Б.Д. Методика преподавания психологии. — М.: Владос, 2001. — С. 135.
3. Ляудис В.Я. Методика преподавания психологии. — М.: Наука, 1999. — 177 с.
4. Гальперин П.Я. Психология как объективная наука. Изб.психол.труды. — М.: Аспект-Пресс, 1998. — С. 143.
5. Ильясов И.И. Обучение студентов деятельности учения. Формирование учебной деятельности студентов. — М.: Логос, 1989. — С. 87.
6. Карапашев В.Н. Методика преподавания психологии: Учеб. пособие. — СПб.: Питер, 2005. — С. 47.
7. Бадмаев Б.Д. Психология: как ее изучить и усвоить. — М.: Владос, 1997. — С. 156.

Қазіргі кезеңде мамандардың кәсіби сапаларын диагностикалаудың маңызы

Нұрғалиева С.М.

E.A.Бекетов атындағы Караганды мемлекеттік университеті

В статье рассматривается проблема профессиональной диагностики как определитель основных значимых профессиональных качеств будущих специалистов и уровня развития его способностей, так как это дает возможность развивать профессиональные навыки студентов, повысить уровень мотивации профессионального обучения. Автор показывает, что профессиональная диагностика — это изучение и оценка потенциальных профессиональных возможностей человека для установления степени соответствия возлагаемым на него трудовым функциям. Поэтому правильно организованная профессиональная диагностика должна служить индикатором и основным условием образования, обеспечить будущих специалистов возможностями саморазвития и самоорганизации.

Problem of the professional diagnostics is considered in article as finder main significant professional quality future specialist and level of the development of the professional abilities, since this enables to develop the professional skill and abilities student, in the same way raise the level to motivations of the professional education. Professional diagnostics is a studying and an estimation of potential professional possibilities of the person for an establishment of degree of conformity to labor functions assigned to it. So it is correct organized professional diagnostics must serve the indicator and main condition of the vocational training. The Professional diagnostics must always provide the future specialist a possibility developments itself and organizations itself.

Еліміз тәуелсіздігін алған жиырма жылда ақсан асуымыз да, шыққан белестер мен биіктегіміз де, қол жеткізген табыстарымызда көніл қуантарлық десек, қателеспейміз. Мұның баршамыз үшін маңызы зор. Қазіргі таңда білім беру мен тәрбиелеу ісіне байланысты қойылатын талаптар да арта түсіде.

Бүгінгі таңда қоғамның жаңаруында 2030 бағытына сәйкес әрбір ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында ұлттық тәрбие шешуші фактор болуы заңдылық. Соңдықтан қазіргі заманың педагогика ғылымында адамның ұлттық қасиетін қалыптастырудың ең тиімді мүмкіндіктерін, жолдарын зерттеу басты мәселе болып отыр.

Егеменді кезеңнің ерекшелігі — адамшылық, адамгершілік, азаматтық сияқты қасиеттер сынға түсіде. Қоғамыздың өзгеруі үшін адамдар, олардың мінез-құлқы жаңаруы керек, сонымен қатар әрбір қоғам азаматы өзінің қолынан келген көмегін беріп, оның әрі қарай жандануы үшін аянауы тиіс. Экономикалық және әлеуметтік табыстардың түп тамыры моральдік және мәдениеттік шарттарында жатыр.

Қоғамыздың адамдар, арлы адамдар, білімі жоғары мамандар қажет. Әрбір азамат адамгершілігі жоғары болып, қоғам алдында өзінің жауапкершілігін сезінуі тиіс. Оған жан-жақты араласу үшін, өмір талабын жүзеге асыраптықтай қабілеті болу керек. Ал қабілеттілік адамның қолы оңай жете беретін қасиет емес. Ол тарихи дамуды игерудің, соған бейімделіп, еңбек етудің нәтижесінде келеді.

Ұлттымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов сөзімен айтсақ: «Білім — біліктілікке жеткізеге баспалдақ ғана, ал біліктілік дегеніміз — білімнің жеткіліктілігі ғана емес, сол білімді жүзеге асыра білу» [1; 11]. Сонау ғасыр басындағы айтылып кеткен осы асыл сөздер мен аманат өситеттер бүгінгі күнгі тарихи бетбұрыстар мен қоғамдық жаңғырулар тұсында басты мәселеге айналып отырғанын мойындауымыз керек. Ұлттымыздың тарихи тағдыры бүгінгі күні үлкен-үлкен зауыттарда немесе еліміздің киыр нұқтелеріндегі шекара бекеттерінде ғана емес, қарапайым білім ордаларында, мектеп қабырғаларында да шешіліп жатыр.

Ұлттымыздың болашағын, ұрпағымыздың келешегін ойласақ, ең алдымен бүгінгі жеткіншектеріміздің білімді, білікті азаматтар болып өсүнене қам жасау — басты мұратымыз болуы тиіс. Қазіргі дүние қарыштай дамып, қай салада болмасын, ұдайы өзгерістер жүріп жатыр. Білім де тез ескіретін болды, оны үнемі жаңартып отыру керек. Яғни, үздіксіз оқып, өз деңгейінді үнемі арттырып отыруың қажет. Тура мағынада айтсақ, өмір бойы оку қажеттілігі туды. Өйткені білім арқылы ғана адамның әлеуетін көтеріп, түрмисын жақсартуға болады. Қазіргі уақытта ұрпақтан ұрпаққа өмір тәжірибесін беруді жүйелі жүргізетін — мұғалім. Ал жастарды өмірге дайындау, қоғам талап етіп отырған деңгейде мұғалімдерді дайындаудың қажеттілігі ұдайы өзгерісте болады. Осыған

байланысты А.Байтұрсыновтың мектепке керектісі білімді, әрі педагогика мен әдістемеден хабардар, оқыта білетін мұғалім екендігі жөніндегі айтқан пікірі бүгінгі күнде де өз мәнін жойған жоқ [1].

Кәсіби білім берудің негізгі міндеті — болашақ кәсіби оқыту педагогының субъект функциясына сәйкес құралдарды жүзеге асыру және оларды практикалық іс-әрекетте колдану іскерлігін қалыптастыру, педагог бойындағы кәсіби іскерлік қасиеттер мен қабілеттерді дамыту.

Осыған орай білім беру ісімен ұлттық тәрбиені ұштастыра отырып, болашақ мамандарды іскер, өмірге бейім, адамгершілік қасиеті мол, жеке басының мүмкіндітерін бағалай білетін, саналы, әдепті азамат етіп тәрбиелеу міндеті тұр. Бұл үшін адам өмірінің түрлі аспектілері жайлы білімнің болуы, интеллектуалды және физикалық құралдарды игерудің тәжірибесі, әр түрлі жағдайларда әр түрлі адамдармен әрекеттесу қабілеті болу керек.

Мұғалім — бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары, интеллектуалдық шығармашылық қабілеті мол тұлға. Қай заманда, қандай реформа болмасын мектептің басты тұлғасы — мұғалім. Олай болса, жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды дайындаудың жауапкершілігі өз алдына өзекті мәселе болып қала бермек.

Ұстаздық шеберлікке баулу, жоғары педагогикалық оқу орындарында жекелеген мамандыққа байланысты пәндерді оқытумен жүзеге асырылады. Сондықтан да бұл пәндердің негізінде болашақ мамандардың кәсіби білім, білік дағдыларын қалыптастырудың оқытудың белсенді әдістері маңызды орын алады. Болашақ педагогтар кәсіби мамандықты менгерумен қатар педагогикалық шеберліктің өзіне тән ерекшеліктерін білуі қажет. Қазіргі таңда жоғары білім беру жүйесінде білім берудің жаңа модулін құру мен сынақтан өткізуін, оны енгізуін жауапкершілікті міндеті тұр.

Бұның негізінде белгілі бір білім деңгейінің міндеттерін және мақсаттарын ескеру негізінде кәсіби білімді стандарттау жатыр. Кәсіби білім стандартын жасау келесілерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- базалық деңгейді қалыптастыру, білімді жалғастыруды қамтамасыз ету, сонымен қатар жұмыскердің немесе маманның қажетті минималды кәсіби деңгейі;
- білім беруді әмбебаптандыру, оқытудың прогрессивті технологияларын енгізу есебінен мамандарды дайындау сапасын арттыру;
- кәсіби білім беру жүйесінің барлық субъектілерді дайындаудың нормативті-құқықтық аспектілерін реттей;
- кәсіби білімнің мемлекет ішінде және шетелде дәрежесінің артуы халықаралық енбек нарығына қатысуға мүмкіндік береді.

Оқу процесінің тағы бір бағыты — білім беру жүйесін демократизациялау. Білім беруде демократизациялау келесідей жүзеге асты: білімге қол жеткізу, ақысыз жалпы білім, кәсіби және жоғары білім алушағы тенденция, адам құқықтары мен бостандығын сыйлау. Білім беру жүйесін демократизациялау процесінде білім берудің дәстүрлі және дәстүрлі емес нысандары да өзгереді. Дамыған елдерде мемлекеттік сияқты жеке секторда да кадрларды дайындаудың болашақ мүмкіндіктері нақты анықталған. Білім беру жүйесінде келесідей талаптар қойылған: қазіргі жаңа тауарлар мен қызметтерді өндіріп, қолдануға мүмкіндік беретін базалық дайындық сапасын арттыру, бір білім беру типінен екіншісіне өтуге мүмкіндік беретін икемді механизм жасау, оқу бағдарламаларын жүзеге асырудағы жауапкершілікті орталықсыздандыру, ұлттық мүмкіндіктерге бағдарланау және бағалау әдістерін жетілдіру. Білім беруді демократизациялау бөлінбейтін шартты қоғамдық бақылау. Плюрализм түрлі ұйымдар мен тәуелсіз партиялардың қолдануымен жүзеге асу керек: ата-аналар ассоциациясы, оқушылар, мұғалімдер және кәсіподактар.

Келесі бірнеше деңгейде әрекеттесетін бағыт — бұл оқу орындарының «нарығын» құру. Білім беруде таңдау ұғымын қамтамасыз етуші құралдың бірі — білім беру саласында ұсыныс және сұраныс заңдарын қолдану. Демократизациялаумен қатар білім беру жүйесін дамытуда тағы басқа тенденциялар да бар, олар ғаламдастыру, интернационализациялау, плюрализациялау (пікірлердің көптігі). Плюрализациялау әр түрлі уақытта, әр түрлі әрекеттесу үлесі бар түрлі елдерде көрініс табады.

Білім беру жүйесін демократизациялау мен плюрализациялау арасындағы өзара байланысты байқауға болады, бұл процеске тән сипаттар: мемлекеттік емес оқу орындарын құру; конфессиялық оқу орындарын ашу; екі тілді білім беруді енгізу; аймақтық және ұлттық оқу орындарын құру; пәндерді таңдау жүйесін енгізу; ғаламдық ойлауды қалыптастыру; ұлттық өзін-өзі тануды терендету.

Егер білім беру жүйесін демократизациялау қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын жетілдіруге, әлеуметтік ортандың демократиялық қағидаларын қайта құруға, білім беру процесін

кеңейтуге мүмкіндік берсе, плюрализация демократиялық жетістіктерді тереңдетіп бекітеді, өмірдің жаңа философиясын қалыптастырады, адамның дамуына бағытталған ұлттық мәдениеттердің түрлілігіне және түрлі білім алу әдістеріне негізделген ғаламдық-планеталық нысанда ойлау мәдениетін қалыптастырады. Білім беру саласында осы еki тенденция білім беру процесінің статусына, ұйымдастырылуына, құрылымына және мазмұнына әсер етеді. Мемлекеттің бірнеше мәдениетті болу шартында білім берудегі демократизациялау және плюрализация мәдени дәстүрдің қайта тууына әсер етеді, жаңа өмірге көзкарасы қалыптасқан ұрпақтарды тәрбиелейді.

Болашақ мұғалімдерді даярлауды зерттеу жұмыстары үшін көптеген ғалымдардың еңбектері құнды болып табылады. Зерттеудің төмендегідей бағыттары зерделенген: педагогикалық қабілет (Н.Ф.Гоноболин), педагогикалық іс-әрекеттің құрылымы (Н.В.Кузьмина), мұғалімнің жеке тұлғасы (В.А.Сластенин, А.И.Щербаков), педагогтардың қасиеттерінде (Р.М.Хмелюк), педагогикалық еңбекті ғылыми ұйымдастыру (И.П.Раченко), педагогикалық шеберлік (Ю.П.Азаров), педагогикалық іс-әрекет шығармашылық үдеріс ретінде (В.А.Кан-Калик), мұғалімнің политехникалық даярлығы (Ю.К.Васильев) т.б. [2]. Жекелеген оку пәні мұғалімдерін даярлау қазіргі танда да кең көлемде жүргізілуде.

Л.М.Митина педагогқа тән келесі психологиялық сапаларды бөліп көрсетеді: эрудиция, мақсатқа жетушілік, педагогикалық ойлау, интуиция, тығырықтан шыға білушілік, педагогикалық байқағыштық, белсенділік, тапқырлық, болжай алушылық, рефлексия.

Осындай қасиеттер мен қабілеттердің жиынтығын Л.А.Шкутина әрбір функция бойынша бөліп қарастырады [3]. Жүргізген зерттеу жұмысының нәтижесінде қасиеттер оқыту педагогына тән қасиеттер мен қалыптасуына көмектеседі. Кейіннен берілген қасиеттер тізімін қасиеттердің функционалдық бірлігі деп атады.

Аталған әрбір функция өзіндік қызмет атқарады және олардың әрқайсысының өзі қасиеттер оқыту педагогының қасиеттердің іс-әрекеттің барысында маңызын тигіздеді. Сонымен қатар педагог озінің жұмысын, ісін тиімді етіп ұйымдастыруға, басқаруга көмектеседі. Қасиеттердің міндеттері шешу функциялардың түрлерін жүзеге асуры процесінде қамтамасыз етіледі. Берілген функциялардың мазмұны міндетті түрде қазіргі экономика жағдайының талаптарына сай болуы тиіс. Әрбір функцияларға байланысты дамитын және олардың көмегімен жүзеге асатын қасиеттер мен қабілеттер жоғарыда аталған.

Ол функциялардың жүзеге асуына байланысты, қасиеттер ойлауда педагогтың жеке тұлғалық қасиеттеріне негізделе отырып, оның құрылымының қалыптасуына көмектеседі. Олар төрт топқа бөлінеді: қасиеттер мен қалыптасуына көмектеседі. Олар төрт топқа бөлінеді: қасиеттер мен қалыптасуына көмектеседі.

Қасиеттер мен қалыптасуына көмектеседі. Студенттердің педагог мамандығына қасиеттер мен қалыптасуына көмектеседі. Оның құрылымының қалыптасуына көмектеседі. Сонымен қатар жоғары міндеттердің міндеттері шешу функциялардың түрлерін жүзеге асуры процесінде қамтамасыз етіледі. Берілген функциялардың мазмұны міндетті түрде қазіргі экономика жағдайының талаптарына сай болуы тиіс. Әрбір функцияларға байланысты дамитын және олардың көмегімен жүзеге асатын қасиеттер мен қабілеттер жоғарыда аталған талаптарға неғұрлым сәйкес келуіне қол жеткізеді.

Студенттердің педагог мамандығына қасиеттер мен қалыптасуына көмектеседі. Оның құрылымының қалыптасуына көмектеседі. Сонымен қатар жоғары міндеттердің міндеттері шешу функциялардың түрлерін жүзеге асуры процесінде қамтамасыз етіледі. Берілген функциялардың мазмұны міндетті түрде қазіргі экономика жағдайының талаптарына сай болуы тиіс. Әрбір функцияларға байланысты дамитын және олардың көмегімен жүзеге асатын қасиеттер мен қабілеттер жоғарыда аталған талаптарға неғұрлым сәйкес келуіне қол жеткізеді.

Студенттердің педагог мамандығына қасиеттер мен қалыптасуына көмектеседі. Оның құрылымының қалыптасуына көмектеседі. Сонымен қатар жоғары міндеттердің міндеттері шешу функциялардың түрлерін жүзеге асуры процесінде қамтамасыз етіледі. Берілген функциялардың мазмұны міндетті түрде қазіргі экономика жағдайының талаптарына сай болуы тиіс. Әрбір функцияларға байланысты дамитын және олардың көмегімен жүзеге асатын қасиеттер мен қабілеттер жоғарыда аталған талаптарға неғұрлым сәйкес келуіне қол жеткізеді.

Касиеттер мен қалыптасуына көмектеседі. Оның құрылымының қалыптасуына көмектеседі. Сонымен қатар жоғары міндеттердің міндеттері шешу функциялардың түрлерін жүзеге асуры процесінде қамтамасыз етіледі. Берілген функциялардың мазмұны міндетті түрде қазіргі экономика жағдайының талаптарына сай болуы тиіс. Әрбір функцияларға байланысты дамитын және олардың көмегімен жүзеге асатын қасиеттер мен қабілеттер жоғарыда аталған талаптарға неғұрлым сәйкес келуіне қол жеткізеді.

Касиеттер мен қалыптасуына көмектеседі. Оның құрылымының қалыптасуына көмектеседі. Сонымен қатар жоғары міндеттердің міндеттері шешу функциялардың түрлерін жүзеге асуры процесінде қамтамасыз етіледі. Берілген функциялардың мазмұны міндетті түрде қазіргі экономика жағдайының талаптарына сай болуы тиіс. Әрбір функцияларға байланысты дамитын және олардың көмегімен жүзеге асатын қасиеттер мен қабілеттер жоғарыда аталған талаптарға неғұрлым сәйкес келуіне қол жеткізеді.

Касиеттер мен қалыптасуына көмектеседі. Оның құрылымының қалыптасуына көмектеседі. Сонымен қатар жоғары міндеттердің міндеттері шешу функциялардың түрлерін жүзеге асуры процесінде қамтамасыз етіледі. Берілген функциялардың мазмұны міндетті түрде қазіргі экономика жағдайының талаптарына сай болуы тиіс. Әрбір функцияларға байланысты дамитын және олардың көмегімен жүзеге асатын қасиеттер мен қабілеттер жоғарыда аталған талаптарға неғұрлым сәйкес келуіне қол жеткізеді.

процесінде пайда болатын және басқа адамды жеке тұлға ретінде қалыптастырудың көмек беретін қасиеттер. Кәсіби біліктілікten құрылымына мыналар кіреді: кәсіби-техникалық дайындығы, қоғамдық-саяси жағынан хабардар болуы, психолого-педагогикалық білімдарлық, педагогикалық техника, кең профильдегі жұмыс маманы бойынша іскерлік пен дағды деңгейі және т.б. Осы бөлімдегі міндеттің психологиялық негізі — әрқашанда өз біліктілігін жоғарылатуға дайын болуы, яғни жоғары дәрежелі маман болуға дайындығы.

Кәсіби іскерлік қасиеттер — бұл кәсіби іс-әрекетті ойдағыдан табысты етіп орындау мүмкіндігін тудыратын жеке тұлғаның тұрақты қасиеттер жүйесі.

Негізгі кәсіби сапалардың қалыптасуын анықтау және оның деңгейін жоғарылатуды дамытушы кәсіби диагностикалар көмегімен жүзеге асыруға болады. Кәсіби оқыту педагогының кәсіби іскерлік қасиеттерін мен қабілеттерінің қалыптасу деңгейін анықтау және оны жоғарылату мәселелері, кәсіби диагностиканың көмегімен жүргізу қажет.

